

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 228 (9546) | 1954 жылғы 17 ноябрь Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл,
жеке саны 20 тыйын.

Лекциялық насихат жаңа міндеттер дәрежесіне сай болсын

Коммунистік партияның идеологиялық қаруларының бірі ретінде лекциялық насихаттың маңызы жазғанда ерекше артып отыр. Идеялық дәрежесі жоғары, саяси өткір, өміріміздің күнделікті міндеттерімен тығыз байланыстырыла оқылған лекциялар еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуге, олардың сана-сезіндегі капитализмнің, бүкіл ескілік атаулының зиянды қалдықтарын жоюға зор көмек көрсетеді.

Облысымыздың партия ұйымдары лекциялық насихатты кеңінен өрістетуге жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Тек соңғы он айдың ішінде ғана ҚКП облыстық, қалалық және аудандық комитеттерінің лекторлары екі мыңнан астам лекция оқыды. Бұлардың ішінде 1200 лекция партия оқуы жүйесінде маркстік-лениндік теорияны үйренуші жолдастарға арналды. СОКП Орталық Комитетінің сәуір-маусым және февраль-март пленумдарының тарихи қаулыларын еңбекшілер арасында насихаттау ісіне де көп көңіл бөлінді. Партия комитеттерінің лекторлары бұл тақырыптарда 250-ден астам лекция оқыды.

Партия оқуы жүйесіндегі былайғы оқу жылында маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистердің саны едәуір артты. Мәселен, өткен оқу жылында өздігінен үйренушілердің саны бүкіл облысымыз бойынша 1300 адам ғана болса, үстіміздегі оқу жылында олардың жалпы саны 5 мыңға жетіп отыр. Міне осы фактінің өзі-ақ лекциялық насихатты кеңінен өрістетудің қаншалықты қажет екенін айқын көрсетеді.

Маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілер үшін партия комитеттерінде, кейбір МТС-тер мен совхоз партия ұйымдарында лекторийлер ұйымдастырылды. Бұларда СОКП тарихы, саяси экономия, философия, халықаралық қатынастар, социалистік өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығының экономикасы жөніндегі лекциялардың 30 циклі оқылады. Бұдан басқа, жалпыға түсінікті типтегі лекциялардың 24 циклі ұйымдастырылды. Бұл лекциялар маркстік-лениндік теорияны өздігінен үйренуге тілек білдірген, бірақ теориялық даяр-

шөбер оқыл білудің де маңызы кем емес. Егер лектор дайын төкстен көз жазбай, бірқалыпты дауыс ырғағымен оқып берсе, сөз жоқ, бұл тыңдаушылардың еңсесін түсірген болар еді. Сондықтан да лектор мұндай қолайсыз жағдайға ұшырамауы үшін тақырыпқа мұқият әзірленіп, оны терең меңгеруі керек. Сондай-ақ, лекторлардың лекция оқу мәдениеті де аса жоғары болуы қажет.

Лекцияның сапалы болуы үшін тыңдаушылардың тілегін де ескеріп отыру керек. Мәселен, лекция аяқталысымен-ақ, оны тыңдаушылардың талқысына салып отырса, бұдан лектор ұтынаса, ұтылмайды, сондай-ақ оның беделіне де ешбір нұқсан келмейді.

Аудандық партия комитеттерінің маңызды міндеті лекторларға жан-жақты көмекті күшейту болып табылады. Белгілі бір тақырыпты штаттан тыс лекторға тапсырғанда, оны даярлауға қажетті жағдайдың бәрінде жасауды қамтамасыз ету керек. Бұл жөнінде әсіресе партия комитеттерінің кітапханалары тыңғылықты жұмыс жүргізуге тиіс. Лекторларға керекті саяси әдебиеттер, жергілікті фактілер жыйнақталған материалдар жеке етанділерге бөлінгені әбден дұрыс болады.

Лекторларға тыянақты көмек көрсетіп отыруды назарларынан тыс қалдырған партия комитеттері де кездеседі. Мұндай партия комитеттері бар жұмысты лекторға лекцияның оқылатын мерзімін айтудан ғана тындырып жүр.

Мәселен, қалалық партия комитеті штаттан тыс лекторлармен жұмысты әлсіретіп жіберді. Олардың көпшілігі әлі күнге дейін лекцияларын даярлаған жоқ. Мұнда дайын лекцияларға жолдастық талқылау жасау ісі де өте сирек болатын жағдай. Қалалық партия комитеті лекциялық насихат жұмысын тек өз штатындағы лекторлардың күшімен ғана атқаруға болады деп есептеп, бұл жұмысқа партия активтерін қатыстыруға мүлде нежұрайды қарап отыр. Маркстік-лениндік теорияны лекциялар арқылы насихаттағанда, Совет Одағының Коммунистік партиясының теориялық және тактикалық линияларының өзекті мәселелерін, пролетариат диктатурасы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ
ЖОЛЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС:

Н. Мақанов. — Москвалықтардың бастамасымен (1-бет).
Советтік Қазақстанда (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Арта қалған колхоздарды алдыңғы-
лардың дәрежесіне жеткізу керек. М. Бамаметов. — Саяси
үйірменің жұмысы. С. Хамзин. — Ұмыт қалған ұйым (2-бет).

Совет Үкметінің еуропалық елдер мен АҚШ Үкметтеріне
жетасы (2-бет).

В. И. Ульянов (Ленин) атындағы Қазан университетінің
150 жылдығы (2-бет).

ТРАКТОРЛАРДЫҢ МЕРЗІМІНДЕ ЖӘНЕ САПАЛЫ ЖӨНДЕ-
ЛУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЙІК: В. Бойченко. — Совхоздарда
тракторларды жөндеу қарқыны әлі баяу (3-бет).

Т. Исаева. — Әрбір колхозда балалар - еңбекшілер
ғылымын (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: Қ. Шайхеслямов. — Мектеп пен ата-
аналардың борышы (3-бет).

Н. Есімов. — Еңбек данқы (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыс

Москвалықтардың бастамасымен

Москва қаласындағы алдыңғы қатарлы
кәсіпорындарының бесінші бесжылдық
жоспарды мерзімінен бұрын орындау жо-
лындағы социалистік жарысты өрістетуге
шақырған үндеуі Петропавл паровоз де-
посының коллективі арасында қызу қол-
дау тапты.

Депонның барлық жұмысшылары мен
қызметкерлері, инженер-техниктері еңбек
өнімділігін еселеп арттырып, халық шар-
уашылығына қажетті жүктерді әрі көп,
әрі мерзімінде тасымалдауға игілікті нә-
тижелерге жетуде.

Темір жол бөлімшесінің паровоз диспет-
чері А. Рябов, Есілкөл участогінің дис-
петчері Лобадрыга жолдаспен бірлесіп
отырып, бір сменада 21 ауыр жүк тиел-
ген составты ешбір бөгетсіз өткізді. Олар-
дың сменасында қосымша су алуға бір-
де бір станцияға тоқталмай өткен паровоз-
дар саны 30-дан асады.

Москвалықтардың шақыруына нақты-
лы іспен жауап беру бахтасына тұрған
машинист Можаров, аға кондуктор Орлов,

паровоз-вагон мастері Жунысов жолдастар
өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп
жүр. Олар соңғы бір сапарда Петропавл
станциясынан 4040 тонна халықшаруа-
шылық жүктерін тиіп шығып, графикте
белгіленген уақыттан 18 минут бұрын
Есілкөл станциясына жеткізді. Бұл жо-
лда анарылған жүк нормаларынан екі есе
артық.

Паровоз депосының басқа да озат ма-
шинистері ауыр жүк тиелген составтар-
ды алып жүрудегі социалистік жарысты
өрістетіп түсуде. Машинист Пашевин жо-
лдастың да Макушин станциясына апар-
ған составында мың тонна жүк жоспар-
дағыдан артық тиелген болатын.

Бұл күндері паровоз депосының жұ-
мысшы-қызметкерлері мен инженер-тех-
никтері москвалықтардың үндеуіне үн-
дасып, бесінші бесжылдықты мерзімінен
бұрын орындап шығу үшін еңбек өнімді-
лігін арттыра түсуде.

К. МАҚАНОВ.

Өнім көп шығарылуда

Москва қаласының алдыңғы қатарлы
кәсіпорындарының бесінші бесжылдық
жоспарды мерзімінен бұрын орындап шы-
ғу жолындағы социалистік жарысты өрі-
стетуге шақырған үндеуін қаладағы А. И.
Микоян атындағы ет-консерв комбинаты-
ның жұмысшы-қызметкерлері мен инже-
нер-техниктері зор қуанышпен қарсы ал-
ды. Олар еңбек өнімділігін еселеп артты-
рып, өнім сапасын жақсартуға бері және
өндіріс жұмыстарының біржелкі жүргізі-
луіне жетісумен бірге, өнімді қатаң гра-
фик бойынша шығарып отыру жолында-
ғы күресті бұрынғысынан да күшейте
түсті.

Ноябрь айының бірінші жартысындағы
жұмыс қорытындысында шұжық жасай-
тын цех коллективі бірінші орынға шық-
ты. Бұл цехтың озаттары широкки жа-
сап шығару жоспарын 126 процент

орындап шықты. Сол сияқты, шұжық-
тың түр-түрлері өндірістегі жоспардан
едәуір артық өндірілді. Бұл онбес күн-
дікте стерилизация цехының коллективі
еңбек өнімділігін 25 процентке дейін
арттырды. Мұндағы жұмысшылар Гри-
горий Шуккин және Федор Чукреев жо-
лдастар өндіріс технологиясын жете мең-
геріп, әрбір жұмыс минутын тиімді пай-
даланды. Соның нәтижесінде, олар смена-
лық өндірістік тапсырманы екі-үш есе
артығымен орындайтын болды.

Бұл күндері комбинаттың барлық озат
цехтары мен бригадаларында өнімді көп
және сапалы шығарып, өнімнің өзіндік
құнын кеміте отырып, москвалықтардың
шақыруына нақтылы іспен жауап беру
жарысы өрістей түсуде.

Қ. ЖҰМАБАЕВ.



Лекциялық насихатты жақсартуға, оны еңбекшілер бұқарасының қалың көпшілігі арасында кеңінен өрістетуге Булаев, Полудень аудандарының аудандық партия комитеттері зор көңіл бөліп отыр. Сондай-ақ, бұл аудандарда марксистік-теориялық теорияны өздігінен үйренушілерге де, үйірмелер мен мектептерде үйренушілерге де зор қамқорлық жасалып келеді. Бұларда лекторлар құрамын мүлдем өңдеп алу, лекторлық жұмысқа аудандың басшы қызметкерлерін, жоғары білімділері бар, тәжірибелі, қабілетті жолдасты қамту ережеге айналған. Әсіресе бұл жөнінде Полудень аудандық партия комитетінің ісі өнеге аларлық.

Алайда лекциялық насихат мәселесіне әлі де жеткен бермей келе жатқан партия комитеттері де кездеседі. Октябрь, Преснен Приешім аудандарында лекциялар оқығанын жайы қанағаттанарлық деп айта болмайды. Бұл аудандардың бірде-біріне күні осы уақытқа дейін саяси у жүйесінде өздігінен үйренушілер үшін лекция оқу баспалмаған. Мұның ең негізгі себебі, аталған аудандық партия комитеттері лекторлық жұмысқа маман лекторларды іріктеп алуды бетімен жіберген. Сон салдарынан олар лекторлар бойынша тәжірибесі аз, белгілі лекцияларды оқуға қамту керек екенін білмей отыр.

Лекторлық ұйымдастырумен, штаттан тыс лекторлар кадрларын дұрыс іріктеп алумен жұмыс бітпейтін. Лекциялық жұмыстың ең негізгі — лекциялардың сапалы болуы. Бұған жетісу лекторлардың білімдеріне, теориялық даярлықтарына, лекция оқу әдістеріне байланысты болады. Ең алдымен, лекциялардың идеялық мазмұны тиянақ болуы тиіс. Басқаша айтқанда, бұл тақырыпқа марксистік-лениндік теорияны терең талдау жасалуы, оның ішінде шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстырылуы, лекцияның анық, жауынгерлік рухта баяндалуы керек деген сөз. Лекцияның құндылығын арттырушылардың бытасын арттыруы тиіс.

Еңбекшілерге арналған товарлар

КЛИНЦЫ, (Брянск облысы). Мәскеуліктердің шақыруына жауап реті В. И. Ленин атындағы фабриканың тәжірибелі мамандары жалпы өнім шығарудың бесжылдық жоспарын Ұлы Октябрьдің 38 жылдығына орындауға және жоспардан тыс 500 мың метр жүн маталарын беруге уәде етті. Сол сияқты, бірінші сортты матаның 97 түрін шығару ұйғарылды.

Кәзір кәсіпорнының барлық цехтары графиктен бұрын жұмыс істеуде, жұмысшылардың бәрі де өнім шығару нормасын орындайды және асыра орындайды. Күн сайын олар жоспардан тыс 500 пальто мен костюмдер тігіп шығарады.

ТАШКЕНТ. Ташкенттегі № 1 аяқ киім фабрикасының коллективі халық тұтынатын товарлар шығарудың тапсырмасын орындауды 850 миллион сомға жеткізді. Бұл табыстарға еңбек өнімділігін арттыру, жаңа техника мен прогрессивті технологияны енгізудің, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың, өндіріс жаңашылдарының озат әдістерін

жөніндегі мәселелерді, кеңінен ұлт саясатын, Коммунистік партияның елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте атқаратын ролін, партияның ішкі және сыртқы саясаты сияқты мәселелерді ерекше терең, тыңғылықты баяндауға зор назар аудару қажет.

Халықаралық жағдай жөніндегі лекцияларды оқығанда, тарихи оқиғалардың тізбегін сындыртып айтып шығуға, оларды қарапайым шолуға айналып кетпеуді қатағалау керек. Халықаралық мәселелер тақырыбына арналған лекцияларда теориялық терең талдаулар жасалуы тиіс. Тек сөйткенде ғана тыңдаушылардың бұл жөніндегі өскелең тілектерін қанағаттандыруға болады.

Сондай-ақ, ғылыми-атеистік тақырыпта оқылатын лекциялар да терең мағналы болуды талап етеді. Ғылыми-атеистік насихатта дінге сенушілердің сезімдерін қандай да болмасын қорлаушылыққа жол берілуге тиіс емес. Бұл істе діни ертегілерді әшкередейтін ғылыми қағидаларды, ғылым жаңалықтарын кеңінен насихаттау қажет. СОБП Орталық Комитетінің «Халық арасында ғылыми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы» үстіміздегі жылдың 10 ноябріне қабылдаған қаулысында: «...ғылыми-атеистік насихатты табиғат пен қоғам тіршілігіндегі неғұрлым маңызды құбылыстарды, әлем дүниесінің жаратылуы, жер бетіндегі тіршіліктің және адамның пайда болуы сияқты мәселелерді, табиғат пен қоғам дамуына материалистік көзқарастардың дұрыстығын дәлелдейтін астрономия, биология, физиология, физика, химия ғылымдары мен басқа да ғылымдар саласындағы табыстарды тартымды етіп түсіндіруге негізден жүргізу керек», — деп көрсетілген.

Лекциялық насихатты халық арасында кеңінен жүргізу, оны марксистік-лениндік теорияны өздігінен үйренуші коммунистерге көмекші маңызды құралына айналдыру — партия ұйымдарының бүгінгі таңдағы кезек күттірмейтін міндеті.

Кеңінен таратудың арқасында қол жетті. Кәсіпорнының коллективі нақтылы міндетке алды. Сталин атындағы металл заводтың қызметшілері жалпы 1951—1955 жылдарға белгіленген өнім шығарудың тапсырмасын 1955 жылдың 15-ші декабріне орындап шығуды ұйғарды. Осы мерзімге дейін бұл және гидротурбиналарды шығарудың басқа да жоспарын орындауды, прокатан тыс Куйбышев СЭС-і үшін су насосының бағыттаушы аппаратын дайындауды белгіледі. Сол сияқты, 1955 жылы халық тұтынатын товарларға да ұлы 1954 жылмен салыстырғанда миллион сомға арттыру, еңбек дәрежесіне 1955 жылы 1950 жылғы деңгейге жеткізуге уәде етілген 80 процент арттыру ұйғарылды.

Еңбек өнімділігін одан әрі де арттырудың есебі Киров заводының коллективі жалпы өнім шығарудың бесжылдық жоспарының 1955 жылдың 5 декабріне аяқтауы міндеттенді.

Халық шаруашылығына қажетті жүктерді вагондарға тиеу және вагондардан түсіру жұмысында еңбек ететін Петропавл станциясының жұмысшы-қызметкерлері үстіміздегі жылы да едәуір жаңа табыстарға ие болды.

Мұндағы барлық жұмысшылар вагондарға жүк тиегенде, оның сыйымдылығын арттыру мақсатымен жүктің тығыз, орнықты тиелуіне баса назар аударды. Соның нәтижесінде әрбір жүк тиелетін вагонға екі-үш тонна жүк артық тиеп, вагондардың жүк көтеретін қуатын сарқа пайдалануға жетісті.

Өткен 1953 жылы жүк сыйымдылығын арттыру нәтижесінде 500 вагон босатылған еді. Ал үстіміздегі жылдың өт-

кен он айы ішінде де сондай жүк артық тиеліп жөнелтілді. Мұның өзі мыңдаған сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік туғызды.

Вагон таразышылары Долгополов, Любимов, Кузнецов жолдастар астанамыздың еңбекшілерінің бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығуға шақырған үндеуін зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Олар еңбек өнімділігін еселеп арттырып, әрбір вагонның жүк көтеретін қуатын сарқа пайдалануға міндеттенді. Сөйтіп халық шаруашылығына қажетті жүктердің көп және тез тасымалдануын қамтамасыз ету үшін қажырлылықпен еңбек етуде.

П. МАРКОВ.

Министерство Советтік Қазақстанда

Ленинатор руднигіне 170 жыл

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Ленинатор руднигі — Шығыс Қазақстандағы өте ертеден келе жатқан кәсіпорындардың бірі. Оның ашылғанына 170 жыл толды. Ағайынды ағайын Федоровтар 1784 жылы аң аулап жүріп Ульба өзенінің жоғарғы ағысында ерте кездегі руда қазушылардың ізіне тап болды. Барнаул геологі Риддер мұнда құрамында көптеген алтын, күміс, мыс, қорғасын бар полиметалл рудаларының бай кен орнын тапты. Октябрь революциясынан бұрын рудникте ағылшын миллионері Уркварт қожалық етті. Руда қол еңбегімен шығарылатын. Азамат соғысы жылдарында Уркварттың бұйрығы бойынша рудникке су толтырылып жарамсыз жағдайға келтірілді.


Кәзір көптен келе жатқан бұл кен ұлы Лениннің есімімен аталады. Ол бір күннің ішінде Октябрь революциясынан бұрын бір жыл бойына шығарылатын молшерден анағұрлым артық руда береді. Бесінші бесжылдықта мұндағы кен жұмыстарының қарқыны екі есе артты. Кәзір рудниктегі еңбек көп кететін операциялардың бәрі механизмдердің көмегімен атқарылады. Жоспардан тыс көптеген руда шығарылады.

Бір комбайнмен 100 мың тонна көмір шығарылды

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). № 31 шахтадағы «Донбасс» комбинатының машинисті Федор Буцинский жыл басынан бері 100 мың тонна көмір құлатты. Еліміздің шығыс аудандарының бірде-бір шахтері көмір комбайнының өнімділігін мұндай дәрежеде арттырған емес.

Мұнда әрбір комбайнмен өткен жылдан 3.238 тонна көмір артық шығарылды.

Шахта коллективі москвалықтардың үлгісімен бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа қосылды.



Біздің Республикамыздағы ең ірі Арыс-Түркістан каналы құрылысының жұмыс қарқыны күн санап арта түсуде. СҮРЕТТЕ: Бұғын су қоймасы плотинасының құрылысында жұмыс істейтін скреперлер мен бульдозерлер. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Жаңа резервтерді ашуда

Алматының жөндеу-подшипник зауытының коллективі Октябрь алдындағы жарыста алған міндеттемелерін едәуір асыра орындады. Завод кәзір 1955 жылдың есебіне өнім шығаруда. Ол былайғы жылдың өзінде ғана МТС-терге, совхоздарға және автомобиль шаруашылықтарына арнап ширек миллионнан аса шарикоподшипник берді.

Москвалықтардың үндеуі заводтың жұмысшылары мен мамандарының арасында творчестволық белсенділіктің жаңа өрлеуін туғызды. Өз мүмкіншіліктерін есептей отырып, олар бесінші бесжылдық тапсырмасын мерзімінен екі жарым ай

СҮРЕТТЕ: Петропавл паровоз жолында слесарь Зияда Нұржанов (бұл туралы үшінші беттегі «Еңбек даңқы» деген очеркті оқыңыз).

ЖАҢА ТАБЫСТАРҒА ЖЕТУДЕ

Петропавл темір жол торабының коллективі даңқты мереке алдындағы жарысты табысты аяқтады. Дөң паровозшылары үстіміздегі өткен он ай ішінде он мыңнан астам ауыр жүк тиелген составты графикте белгіленген уақыттан бұрын тиісті станцияларға жеткізді. Ол составтармен 3 миллион тоннадан астам халық шаруашылығына қажетті жүктер жоспардағыдан тыс тасымалданды. Жалпы депо бойынша 4 мың тоннадан астам отын жоры да үнемделді.

Социалистік жарыста депоның паровоздарды көтеріп жөндейтін цех (бастығы Мутыл, партия ұйымының секретары Петров жолдас) коллективі бірінші орынға шықты. Цех алған міндеттемен тыс бір паровоз жөндеді. Ал өндірістік жоспардағыдан екі локомотивті артық жөндеп жұмысқа қосты. Жарыс қорытындысында бұл коллективке ауыспалы ымырал тапсырылып, 1500 сом ақшалай сыйлық берілді.

И. ГАВРИЛОВ.

Жаздық дақылдар күзде егілуде

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Оңтүстік Қазақстандағы аса ірі «Дарбаза» астық совхозы жаздық бидайды қыс қарсаңында егу жөнінде бірнеше жылдан бері тәжірибе жасап келеді. Жаздық бидайды қыс қарсаңында егу гектарына 4 центнерден қосымша өнім беретін анықталды. Был шаруашылық қар түсер алдында өткен 2 мың гектар жаздық бидайды жыйнады. Мұның өзі қосымша 50 мың пұттай астық алуға мүмкіндік берді.

«Дарбаза» совхозының тәжірибесі Шымкент тресінің көптеген совхоздарында кеңінен қолданылуда. Барлық жаздық дақылды күзде егу ұйғарылды. Жер түгелдей әзірленді. Кәзір барлық жерлерде егіс агрегаттары жұмыс істеп жүр. Олар жазғы жыртылған 5 мың гектар жерге кәзірдің өзінде егін екті. Егудің тарқатарлы әдісі кең көлемде қолданылуда. Жаздық бидай осы әдіспен кәзірдің өзінде 3 мың гектардан аса жерге егілді.

Агрегаттардың босқа тұрып қалуын қысқартуда

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбенің ферросплав зауытының коллективі металл шығаруды арттыруда. Металл өткен жылы осы уақыттағыдан анағұрлым көп шығарылды.

Металл шығаруды арттырудың өте маңызды шарттарының бірі — пештерді босқа тұрып қалуын қысқарту болып табылады. Соңғы үш айдың ішінде агрегаттардың босқа тұруы 15 процент қысқартылды. № 1 цехтағы Мануйлов, Мавродий, Кудряшев басқарған бригада металды жедел режиммен қорытады. Бұл үшін бригада пештерге шихта толтыруды тездетті. Мұның нәтижесінде сменаның әрқайсысы 30-40 минут жұмыс уақытын үнемдейді. Бұл — әр тәулік сайын қосымша металл қорытуға мүмкіндік береді. Блиинников, Бельденко, Русович басқаратын бригада үш айдың ішінде 50 реттен аса қосымша металл қорытты.

(ҚазТАГ).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Артта қалған колхоздарды алдыңғылардың дәрежесіне жеткізу керек

Конюхов аудандық X партия конференциясы

Конюхов аудандық X партия конференциясы болып өтті. Аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдас есепті баяндама жасады. Ол СОКП Орталық Комитеті септябрь, февраль-март Пленумдарының қарарларын орындау жөнінде ауданда жүзеге асырылған жұмыстарды баяндады. Ауданның колхоздары мен МТС-тері тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық өндірісін едәуір ұлғайтуға жетісті. Үстіміздегі жылы жоспар бойынша 10 мың гектардың орнына, 11700 гектар тың көтерілді. Колхоздар өткен жылға қарағанда мемлекетке астықты 230 мың пұт артық тапсырды.

Аудан колхоздары быыл мемлекетімізге астықты өткен жылғыдан әлде қайда көп сатты. Колхоздардың экономикасы нығай түсті. Аудандағы 18 колхоздың тең жартысы үстіміздегі жылы миллионер шаруашылыққа айналды. Колхоздар келесі жылдың көктемгі егісіне қажетті жерді толық дайындады. Пар мен зыб жұрту жоспарлары артығымен орындалды.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеген делегаттар қол жеткен табыстарды айта келіп, конференцияның назарын әлі де болса шешілмеген мәселелерге аударды, қоғамдық шаруашылықты нығайтуда пайдаланылмай отырған резервтердің бетін ашты. Конференция делегаттары ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі партия мен үкметтің қарарларын орындауда аудан колхоздары әлі орасан зор жүрделі жұмыстар жүргізуге тиіс екенін атап көрсетті. Колхоздар мен МТС-тер ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарлы өнім жыйнауға жетісе алмай келеді. «Путь Ильича», «Жаңа тұрмыс», Киров атындағы колхоздар өткен жылға қарағанда быыл егін шығымдылығын кемітіп алды. Ауданда жер шаруашылығының мәдениеті әлі төмен, еңбектің озат әдістері, озат шаруашылықтардың тәжірибелері жеңінен насихатталмай отыр.

Аудандық партия комитеті агротехникалық шараларды бұрмалау фактілеріне төзіп, МТС-тер мен колхоз басшыларынан агротехникалық шаралардың жемісін сақтауда қатаң талап етеді. Бұл жөніндегі агрономдардың ұсыныстары көп реттерде аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті тарапынан қолдау таппады. Чистян МТС-нің «Красная крепость» колхозындағы агрономы осы колхоздың бір участогінде жұрттың жердің сапасын төмен деп тауып, оны қабылдамай өте дұрыс істеді. Алайда участоктың механик Колмогоров агрономның пікірімен санаспай, механикаторларға ол жерді қайта жұмыстауға рұқсат бермеді. Мұндай фактілер некен-саяқ емес. Делегаттар Мотыгин, Верткин және басқа бірқатар жолдастар өздерінің сөздерінде колхоздардың мемлекетке

ауданда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспар бірде-бір түлкі бойынша орындамады, малдың орынсыз көп шығын болуына жол берілді. Жекелеген колхоздарда мал басынын, соның ішінде сауын сыйырлардың азаюы орын алды.

Жарыссөзде сөйлеуші жолдастар жемістің қосымша резервін ашып, мал қыстатуды, үлгілі өткізу жөнінде пікір алды. Колхоздардың егіс далаларында осы күнге дейін 5 мың гектардан астам егіннің сабын жыйналған жоқ. Бұл алаңдағы сабаңды жыйнап, маялау мал азығының қорын анағұрлым толықтырады. «Красная крепость» колхозының председатели Константинов жолдас өзі басқарып отырған артельдің мал қыстату маусымына жан-жақты әзірленгенін хабарлады. Мұнда шабылған шөптің барлығы мал базаларына тасылып үйілген. Сондай-ақ, таяудағы екі-үш күнде егіс даласында маяланған сабаңдарды фермаларға тасу аяқталғалы отыр.

—Жақында біз,—деді Константинов жолдас,—малазығындық қызылшаны туралған сабаңмен араластырып, сүрледік. Сөйтіп құнарлы мал азығының қорын толықтырдық.

Суворов МТС-нің бас зоотехнигі Смагин жолдас мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөнінде айтты.

—МТС қамтуындағы колхоздарда сауын сыйырлардан сүт алу жөніндегі көрсеткіштер әртүрлі,—деді ол.—Мәселен, октябрь айында Киров атындағы колхоз эрбір сауын сыйырдан 138 литрден сүт алынды. Ал Мичурин атындағы колхоздың көрсеткіші —шары 75 литр ғана. Мұны мәзді күту жағдайының әртүрлі болуымен түсіндіруге болады. Смагин жолдас конференция делегаттарының назарын шоңқа шаруашылығын өркендетудің қажеттігіне аударды. Колхоздар шоңқаны жемдеп, семіртумен жете шұғылданбай келеді. Торайларды өсірмей, жастай сату фактілері орын алған.

Конференцияда қабылданған қарардың орындалуын тексеру мәселесі көп сөз болды. Аудандық партия комитеті қабылданған қаулының орындалуын тексеру мәселесіне жете мән бермей келеді. Аудандық партия комитеті жоғарғы органдардың және өзінің қарарларының орындалуын нашар бақылайды. Үстіміздегі жылы аудандық партия комитеті жеміс қорының берік базасын жасау, мал қораларының құрылысы жөнінде көптеген қаулылар қабылдады. Бірақ ол қаулылар жергілікті жерлерде ұйымдастыру жұмыстарымен нығайтылмады. Осының салдарынан жаздықүлгі қымбатты уақыт көп жерлерде босқа өтті.

Мал азығын дайындау жөніндегі жоспар жартылай да орындалмады. Бірқатар колхоздар мал қораларын жандық

бола тұрса да, аудандық партия комитеті бұл мәселені баяу шешіп, колхоз председателдігіне кейде тәжірибесі кем, ауылшаруашылық өндірісін жете білмейтін адамдарды ұсынып келді. Аудандық партия комитеті колхоз председателдерінің құрамын ауданның басшы қызметкерлері есебінен толықтыруды ескермеді.

Аудандық партия комитетінің жұмысындағы ең басты кемшіліктердің бірі сол — ол өзінің жұмысында бастауып партия ұйымдарына сүйенбеді, идеологиялық жұмысты жете бағаламаушылықты ақырына дейін жоя алмады. Делегаттар Киреев, Шүваев және басқа бірқатар жолдастар аудандық партия комитетін осы үшін сынады.

—Колхоздарда бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуына еңалдымен аудандық партия комитетінің секретарьлары Макаров және Каскеев жолдастар кінәлі,—деді делегат Киреев жолдас.—Олар колхоздарда болғанда бұқаралық-саяси жұмыстың жайымен мүлдем шұғылданбады, колхозшылар мен механизаторлар алдында саяси баяндама жасаудан қол үзді, үгітшілер мен насихатшылардың семинарларына қатысуды қажет деп таппады.

Делегат Тютенков жолдас өзінің сөзінде аудандық партия комитетінің жаңа жағдайдағы жұмысына тоқталды. Аудандық партия комитетінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары Брек және Лукиянов жолдастар басқарған ауқашушылар топтары ұйымдастыру және саяси жұмыспен шұғылдануды өздерінің негізгі міндетіне айналдырған жоқ. Топтың қызметкерлері алдыстағы мал фермаларында сирек болады.

Аудандық Совет атқомінін председатели Филиппенко жолдас аудандық партия комитетінің секретары Макаров жолдасының ұнатпайтынын айтып, бұл жөнінде мысалдар келтірді.

—Соңғы кезде Макаров жолдасқа сын пікір айта калсаңыз,—деді ол,—маған ренжіп, аудандық Совет атқомінін кеңесіне апталап кірмейтін, менімен сөйлесуді ұнатпайтын болды.

Конференцияға қатысушылар кадрларды іріктен алу және тәрбиелеу, мал қораларының құрылысы, колхоздарда еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру, МТС-тердің колхоз өндірісінде ролін арттыру мәселелері жөнінде айтты.

Конференция делегаттары облыстық партия комитеті мен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жөнінде бірқатар сын ескертпелер жасады. Облыстық партия комитеті, деді Филиппенко жолдас, аудан орталығынан аурухана салу жөніндегі біздің ұсынысымызды кезінде қуаттамады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы МТС-тердің қызметін тексеру

СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕР МЕН АҚШ ҮКМЕТТЕРІНЕ НОТАСЫ

13 ноябрьде СССР Сыртқы Істер Министрлігі СССР-ның дипломатиялық қатынастары бар еуропалық елдерге Европада коллективтік қауіпсіздік системасын жасау туралы мәселе жөніндегі Жалпы-европалық Кеңес шақыру жайында Совет Үкметінің бір мазмұнды ноталарын жолдады. Ноталар мына мемлекеттердің: Францияның, Великобританияның, Австрияның, Албанияның, Бельгияның, Болгарияның, Венгрияның, Герман Демократиялық Республикасының, Голландияның, Грецияның, Данияның, Исландияның, Италияның, Люксембургтің, Норвегияның, Польшаның, Румынияның, Түркияның, Финляндияның, Чехословакияның, Швейцарияның, Швецияның, Югославияның Москвадағы елшіліктері мен миссияларына, сондай-ақ Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне жолданды.

Мұның үстіне, бұл нота жоғарыда көрсетілген Кеңеске байқаушы ретінде өкілді шақырылған Қытай Халық Республикасының Елшілігіне жолданды.

Төменде СССР Үкметінің Франция Үкметіне жолдаған нотасының тексті жарияланып отыр.

«Совет Үкметі Франция Үкметіне мыналарды мәлімдеу қажет деп санайды.

Осы жылғы 23 октябрьде Парижда Батыс Германияға қатысы бар келісімдерге қол қойылды. Бұл келісімдерге қол қойылуы алдында Лондонда тоғыз елдің кеңесі өткізіліп, оған қатысушылар герман мәселесі жөніндегі сепараттық шаралар туралы келісті.

Париж келісімдері, Германия туралы жасалған халықаралық келісімдерді бұзатын, Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіруді, батысгерманиялық қарулы күштер құруды және Европаның басқа мемлекеттеріне қарама-қарсы қойылған кейбір мемлекеттердің соғыс топтарына Батыс Германияны қатыстыруды көздейді.

Батыс Германияда армия құрылуда, бұл армияда таяудағы уақыттың өзінде 500—520 мың адам болуға тиіс және бұл армияның ірі авиация, танк құрамалары, сонымен қатар өзінің соғыс штабтары болмақ. Лондон және Париж келісімдеріне сәйкес белгіленген батысгерманиялық армияның санын герман милитаристерінің тек бұдан анағұрлым көптеген қарулы күштерді өрістетудің базасы ғана деп қарап отырғанын олар көзінді өзінде жасырмай айтуда.

Батысгерманиялық армия дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында гитлерлік армияны басқарған, фашистік агрессияның және еуропалық елдерде гитлерлік қантөгіс «жаңа төртін» орнатудың қатысушылары болған герман генералдарының басшылығымен құрылуда.

Лондон және Париж келісімдері батысгерманиялық милитаристер мен кекшілердің қару-жарақты шексіз мөлшерде өндіруіне де еркіндік беріп отыр. Батыс Германияның қарулы күштері сонымен қатар өзінің қару-жарағында атом қаруы

ның территориясынан кешеуілдетпей әкелуі туралы мәселе қаралсын деп ұсыныс енгізді. Мұнымен бірге Шығыс Германияның, сондай-ақ Батыс Германияның неміс полициясының барлық түрлерінің саны мен қару-жарағы белгіленсін деген ұсыныс та енгізілген болатын. Совет Үкметі бұл шараларды жүргізу Европадағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектескен болар еді деп бұрынғысынан санап отыр.

Лондон және Париж келісімдері одақ және өзара көмек туралы 1944 жылғы Француз—Совет Договорымен және соғыстан кейінгі ынталық және өзара көмек туралы 1942 жылғы Ағылшын—Совет Договорымен сыйыспайды, өйткені бұл договорлар Германия тарапынан жаңа агрессия жасалу мүмкіндігіне жол бермеу мақсатымен бірлескен шаралар қолдануды көздейді.

Совет Үкметі Батыс Германияда милитаризмді қайта тудырумен және оны соғыс топтарына қатыстырумен байланысты елеулі қауіпке герман проблемасын реттеу үшін жауап беретін мемлекеттердің назарын бұған дейін аударған болатын. Басқа еуропалық мемлекеттерге қарама-қарсы қойылған кейбір мемлекеттердің мұндай соғыс топтарын құру, тарихи тәжірибенің көрсеткеніндей, бұлардың арасында қатынастарды шиеленістіруге және, сайып келгенде, соғысқа сөзсіз әкеліп соқтырады. Дүниежүзілік бірінші соғыстың қарсаңында, державалардың бір-біріне қарама-қарсы тұратын өкі соғыс коалициясы құрылған кезе осылай болған болатын. Дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында да, гитлерлік Германияның басшылығымен өзін басқа мемлекеттерге қарама-қарсы қойған агрессияның соғыс тобы құрылып, бұл мемлекеттер соғыстың барысында гитлерлік агрессияға тойтарыс беру үшін өз күштерін біріктіруге мәжбүр болған кезде де осылай болған болатын.

Европалық мемлекеттердің халықтарын көп миллиондаған адамдардың құрбандығына және аса күшті материалдық бүліншіліктерге ұшыратып келген қантөгіс және жойқын соғыстардың аренасына Европаны оқтын-оқтын дұшар ететін мұндай жағдайға жол бермеу үшін Европада барлық еуропалық мемлекеттер, өздерінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, қатысушылар бола алатындай қауіпсіздік системасын құру қажеттігі туып отыр. Жалпыевропалық коллективтік қауіпсіздіктің осындай системасын құру барлық еуропалық мемлекеттердің бейбіт ынтымақтасуына берік негіз берген болар еді және олардың арасында туатын алауыздықтарды бейбіт жолмен бітістіруге, ал, бейбітшілікке қатыр тентен күнде немесе бейбітшілік бұзылған күнде, —агрессорға қарсы бірлескен қыймылдар, соның ішінде соғыс қыймылдарын да жасауға өздеріне міндеттемелер алу арқылы олардың ұлттық қауіпсіздігіне кепілдік берген болар еді.

Европада барлық еуропалық мемлекеттер

қан мемлекеттердің де қалың жұртшылық топтарында қосталды.

Жұртқа мәлім, бұл маңызды проблема жөнінде мүдделі елдер арасында қажетті келісімге әлі күнге дейін қол жеткен жоқ. Ал, оның бер жағында, еуропалық халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделері Европадағы дамудың герман милитаризмін қалпына келтірудің және Европада бір-біріне қарама-қарсы қойылған мемлекеттердің соғыс блоктарын құрудың апатты жолына түспей, қайта Европаның үлкенді-кішілі барлық мемлекеттерінің заңды мүдделерін еске алуға негізделген жалпыевропалық қауіпсіздік системасын құру жолына түсетін болуын талап етуде.

Герман милитаризмін қалпына келтірудің және ремилитарландырылған Батыс Германияны соғыс топтарына қатыстырудың Лондон мен Париж кеңестері әзірлеген жоспарлары Европадағы жағдайды шиеленістірмей қоймайды. Бұл жоспарларды жүзеге асыру еуропалық мемлекеттер арасындағы өзара қатынастарды шиеленісуін, жанталаса қаруланудың күшейтілуін және Европаның халықтары үшін соғыс шығындары ауырталығының едәуір артудың сөзсіз тудырады. Осыған байланысты, егер бейбітшілік еуропалық халықтар өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаңа шаралар қолдануға мәжбүр болған күнде, мұның өзі мүлде заңды болады.

Соғыс қаупін күшейтетін Европадағы жағдайдың жоғарыда көрсетілген шиеленісуіне жол бермеу үшін, барлық шаралар қолданылуға тиіс, бұл шаралар Европада коллективтік қауіпсіздік системасын орнатуға, сөйтіп халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге көмектескен болар еді.

Осыған сүйеніп отырып, Совет Үкметі Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде кеңеске қатысқысы келетін барлық еуропалық мемлекеттердің, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарының кеңесін онан әрі кешеуілдетпей шақыру қажеттігі туып отыр деп санайды.

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау үшін БҰҰ Қауіпсіздік Советінің тұрақты мүшелері болып табылатын мемлекеттерге ерекше жауапкершілік жүктелгенін мойындай отырып, Совет Үкметі Қытай Халық Республикасының бұл Кеңеске өзінің байқаушысын жібергені дұрыс болады деп санайды.

Жоғарыда көрсетілген Кеңеске қатысушы әрбір мемлекеттің талқыланатын мәселеге байланысты өзі қажет деп санайтын ұсыныстарды енгізетін мүмкіндігі болуға тиіс екені, әлбетте, өзінен-өзі түсінікті.

Совет Үкметі мұндай Кеңес осы жылғы 29 ноябрьде Москвада немесе Парижда шақырылсын деп ұсынады.

Мұндай Кеңес шақыруы кейінге қалдыру дұрыс болмас еді, өйткені, кейбір еуропалық елдерде Париж келісімдерін

ролін арттыру туралы айтты.

МТС-тердің қолхоздармен жасасқан шарттарын мерзімінде орындай алмауының бір себебі техниканы тиімді пайдаланбауда болып отыр. Машина-трактор станцияларының бай техникасының бір-қатар бөлігінің жағзы-күзгі маусымда бос тұруына жол берілді.

Конференция мал шаруашылығын өркендету мәселесіне көп назар аударды. Есеп беріп отырған мерзім ішінде әрбір сауын сыйырдың құнарлылығы 185 литр артты. Алайда конференция атап көрсеткендей, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысынан тиісті қорытынды жасамай, мал шаруашылығына үстірт басшылық жасады. Осының салдарынан

ларды тұрақты кадрлармен толықтыру жұмыстарын әлі аяқтаған жоқ.

Жарысөзде сөйлеушілердің бірқатары артта қалған қолхоздарды алдыңғылардың қатарына қосу жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Ауданда миллионер қолхоздармен бірге экономикалық жағынан артта қалған шаруашылықтар да аз емес.

Ауылшаруашылық өндірісінің негізгі салаларын өркендетуде «Путь пролетариата», «Жаңа тұрмыс», «Большевик» қолхоздары кейін қалып отыр. Аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті өздерінің жұмысында артта қалған қолхоздардың жайына жете назар аудармады.

Қолхоздардың артта қалушылығын жою үшін оларды маман кадрлармен нығайтудың маңызы зор екені мәлім. Солай

мейді. Чистян МТС-нің картоп отырғызатын машиналар беру жөніндегі тілегіне облыстық басқарма құлақ аспады.

Жарысөзде 25 делегат сөз сөйледі. Конференция қабылдаған қарарда ауыл шаруашылығына партия басшылығының дәрежесін арттыру жөнінде шаралар белгіленді.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас қатысып, сөз сөйледі.

Аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамы сайланды.

* * *

Бірінші пленумда аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына — Макаров, екінші секретарлығына — Каскеев, МТС аймақтары жөніндегі секретарлары болып Лукьянов, Брек жолдас-тар сайланды.

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҰЙЫМ

Кәзір қолхоз өндірісін шұғыл өркендету жөнінде күрес жүргізіліп жатқан кезде село жастарының алдыңғы отряды — комсомол ұйымының жұмысын жақсартып, оның белсенділігін арттырудың зор маңызы бар екені мәлім. Алайда, «Борьба за коммунизм» қолхозының (Совет ауданы) партия ұйымы бұл маңызды мәселені естен шығарып отыр.

Комсомол ұйымында ешқандай ұйымдастыру, тәрбие жұмыстары жүргізілмейді. Басқаны айтпағанда, комсомол ұйымының жыйналысы өткізілмегеніне 6 айдан астам уақыт өтті. Комсомол ұйымының секретары Чумакова жолдас жыл бойы егіс бригадалары мен мал фермаларында болған емес. Сондықтан ол комсомолдердің тілектері мен қажетін білмейді. Комсомолдер мүшелік жарналарын төлеу үшін алыстағы егіс бригадалары мен мал фермаларынан қолхоз орталығына Чумакованы іздеп келуге мәжбүр болып жүр.

Партия ұйымы, оның секретары Архипова жолдас бұл жағдайды жақсы біледі. Солай бола тұрса да, ол комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шараларды жүзеге асыруды ұмыт қалдырған. Октябрь айында партия ұйымының ашық жыйналысы болды. Партия жыйналысында сөз сөйлеген комсомолдер комсомол ұйымының жұмысы бетімен жіберілгенін айтып, бұған партия ұйымының назар аударуын сұрады. Сол жыйналыста комсомол ұйымының жұмысын басшылық пен бақылауды жақсарту жөнінде арнаулы пункт жазылған қаулы қабылданды. Бірақ қабылданған қаулының орындалуы жөнінде ешқандай ұйымдастыру жұмысы жүргізілген жоқ. Архипова жолдас барлық жұмысты комсомол ұйымының жыйналысын өткізу жөнінде Чумакова жолдасқа тапсырма беруден ғана тындырды. Қолхозда аудандық комсомол комитетінің қызметкерлері жиі болады. Алайда, неге екені белгісіз, олар комсомол ұйымының жұмысының бетімен жіберілуіне немқетті қарайды.

Қолхоз комсомол ұйымының жұмысын жақсартып, оның артель өндірісіндегі ролін арттыратын уақыт жетті.

С. ХАМЗИН.

өзі Европада қыратқыш атом соғысының қатерін анағұрлым күшейте түседі.

Жоғарыда көрсетілген шешімдер ремитарландырылған Батыс Германияны қазіргі уақытта «Батысевропалық одақ» дейтінінің түрінде топтастырылып жатқан жаңа соғыс тобына, сонымен қатар агрессиялық сыйпатын Совет Үкметі бұған дейін сан рет атап көрсеткен Солтүстік-атлантикалық блокке қатыстыруды көздеуде.

Осының бәрі Батыс Германия жөнінде Европада бейбітшілікті нығайту міндетімен де, Германияның ұлттық бірлігін қалпына келтіру міндетімен де сыйыспайтын бағыт ұсталып отырғанын көрсетеді. Лондон және Париж келісімдерін жүзеге асыру жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу арқылы Германияны біріктіруді герман милитаризмін, —Европа халқының, соның ішінде герман халқының өзінің де осы қас жауын қалпына келтірудің қазіргі жоспарларына құрбан еткендік болар еді.

Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы мәселені шешуді жеңілдетуге ұмтылып, Совет Үкметі оккупациялық әскерлерді Шығыс және Батыс Германия-

және бұрынғы күш жетеріне негізделген коллективтік қауіпсіздіктің тиімді системасын құру герман проблемасын реттеу мүмкіндігін жеңілдеткен болар еді. Мұндай жағдайда қазіргі уақытта герман бірлігін қалпына келтіруге бөгет болып отырған, Батыс Германияны милитаристтік мемлекетке айналдыру және оны агрессияшы соғыс топтарына қатыстыру жоспарларынан айқын көрініп отырған негізгі кедергі жойылған болар еді.

Мүдделі мемлекеттер арасында тиісті келісімге жету мүмкіндігін жеңілдету мақсатымен, Совет Одағы осы жылдың басында, СССР, АҚШ, Англия және Франция сыртқы істер министрлерінің Берлин кенесі кезінде, «Европадағы коллективтік қауіпсіздік туралы Жалпыевропалық договордың негізгі принциптері жайында ұсыныстар енгізді. Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы ұсыныстар бірақтар европалық мемлекеттер тарапынан дұрыс көзқараспен қарсы алынды. Бұл ұсыныстар сонымен қатар өз үкметтері Европадағы коллективтік қауіпсіздік идеясына өзінің көзқарасын әлі айтпаған европалық мемлекеттердің де, сондай-ақ өз үкметтері жасалған ұсыныстарды қолдаудан бастарт-

өзінде қарала бастайды. Мұндай бекіту Европадағы барлық жағдайды зор дәрежеде қыбындатқан болар еді және шешілмеген европалық проблемаларды, ең алдымен, герман проблемасын реттеу мүмкіндігін напирлатқан болар еді.

Европада коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде 29 ноябрьде Москвада немесе Парижде жалпыевропалық Кеңес шақыру туралы ұсынысқа Поляк Халық Республикасының Үкметі мен Чехословак Республикасының Үкметі де қосылып отыр. Совет Үкметі бұлармен тиісті консультациял алысты.

ССРО Үкметі осындай нотарды СССР-ның дипломатиялық қатынастары бар барлық европалық мемлекеттерге жолдады. Совет Одағы мынаны еске алып отыр: СССР-ның дипломатиялық қатынастары жоқ европалық мемлекеттерді бұл елдермен дипломатиялық қатынастары бар Франция, Англия немесе АҚШ үкметтері шақыра алары.

Совет Үкметі Франция Үкметінің жоғарыда көрсетілген жалпыевропалық Кеңеске өзінің қатысуы жөнінде хабар бергені үшін оған алғыс татын болады».

В. И. Ульянов (Ленин) апбындағы Қазан университетінің 150 жылдығы

ҚАЗАН, 15 ноябрь. (СОТА). 17 ноябрьде еліміздің ең көптегені жоғары оқу орындарының бірі В. И. Ульянов (Ленин) атындағы Қазан Мемлекеттік университетінің құрылғанына 150 жыл толады.

Қазан университетінің ғылымдары орыстың және дүние жүзі ғылымының өркендеуіне зор үлес қосты, Россиядағы революциялық күреске белсене араласты. Қазан университетінің Н. Лобачевский негізін салған геометриялық және орыстың көрнекті ғалымы Н. Зинин мен заттың шығу теориясын жасаған кеменгер ғалым А. Бутлеров екеуі құрған, қазіргі органикалық химияның негізі болып табылатын, химиялық ғылыми мектептер дүние жүзіне белгілі. Сол сыяқты, көрнекті ғалымдар Адамюк, Бехтерев, Лесгафт, Вишневский, Миславский, Виноградов және басқалары даңққа бөлеген Қазанның дәрігерлік мектебі де орыстың және дүние жүзі ғылымына даңқты үлес қосты.

Университеттің өсуі талантты ғалым, педагог және тәрбиеші, 20 жыл бойына университеттің ректоры болған Н. Лобачевскийдің есімімен тығыз байланысты. Ғалым университеттің ғылым мен оқу саласын биік сатыға көтерді. Лобачевский қазір барлық адамзатқа қызмет етіп отырған неевклидальдық геометрияны жасауымен өзінің атын мәңгі өшпес етіп қалдырды.

БУХАРЕСТ, 15 ноябрь. (СОТА). Румыния Министрлер Советінің елді электрлендіру жоспары туралы қарарының жарияланғанына төрт жыл толды. Бұл мерзімнің ішінде Румынияда Дойчештиде, Сынджорджул-де-Падурде, Овидиуде ірі жылу электр станциялары, Мороениде су

1819 жылы Қазан университетінің профессоры Иван Симонов Ф. Беллинстаузен мен М. Лазаревтың басшылығымен Оңтүстік полюске баратын экспедицияға қатысты. Бұл экспедиция кезінде Антрактида мен Ұлы мұхиттың Оңтүстік бөлігінде және Оңтүстік мұз мұхитында көптеген аралдар ашылды. Симоновтың еңбектері жаратылыстанудың көптеген салаларын байытты.

Қазан университетінен орыс революционерлерінің көптеген ұрпақтары шықты. 1887 жылдың өзінде В. И. Ленин заң факультетінің бірінші курсыне оқуға түсті. Сол жылдың декабрында студенттер толқуы кезінде В. И. Ленин студенттердің революциялық қозғалысына қатысушы және басшы ретінде алғаш танылды.

Совет өкметі жылдарында, 1925 жылдан бері ұлы Лениннің мәңгі өшпес атымен аталатын Қазан университеті ғылымның ірі орталығына айналды.

Университеттің ғылыми мектептері ой-талхана, зоологиялық, геолого-минералогиялық және этнографиялық музейлер, хан профессор А. Н. Норден бастаған астрономиялық екі обсерватория, биологиялық станция жұмыс істейді. В. И. ровтың химиялық мектебін академиян кернекті ғалымдары А. Е. және Б. А. Бузовтар бастауда.

Университеттің көптеген кафедрасы Волгада су электр станциясын Ішкі Куйбышев теңізін жасауға және «Бак» ауданындағы мұнай ор-

зерттеуге байланысты тақырыптарда жұмыс істеуде.

Ғылыми кадрды даярлауда университеттің ролі ер артып отыр. Соғыс жылдарынан ірі мұнда 25 докторлық және 267 кандидаттық диссертациялар қорғалды, ондағы жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамының негізгі бөлігі университетте тәрбиеленген адамдар.

Кәзір университетте 30-дан аса ұлттардан мыңға жуық студенттер оқыйды. Ресейге дейінгі 113 жылда университеттің небары 6 татар бітірген бола. Кәзір оның жеті факультетінде 900-ге аса татарлар оқыйды, оның жартысынан көбі әйелдер.

Университетте кафедралардан басқа зерттеу институттары: А. М. Бутлеров атындағы химия, Н. Чеботарев атындағы математика мен механика, Н. Лобачевский атындағы ғылыми байланыстың, геологиялық, геолого-минералогиялық және этнографиялық музейлер, астрономиялық екі обсерватория, биологиялық станция жұмыс істейді. В. И. Ульянов (Ленин) атындағы Қазан университетінің студенттер, ғалымдар және оқытушылар коллективі өздерінің даңқты 150 жылдығына оқу жұмысы мен ғылыми қызметінде, қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде елеулі табыстармен келді.

Саяси үйірменің жұмысы

Октябрь ауданындағы Абай атындағы қолхозда комсомолдер мен жастардың тілек білдіруіне, демек саяси оқу жүйесіндегі еріктілік принципіне сәйкес СОБП тарихын үйрену жөніндегі негізгі типті үйірме (бірінші оқу жылы) ұйымдастырылған болатын. Мұнда кәзір 14 комсомол оқып жүр. Үйірмені ұйымдастыруға және оның ұйымдастырылғаннан кейін де табысты жұмыс істеуіне жергілікті бастауыш партия ұйымы көп көңіл бөлді және әлі де көңіл бөліп келеді.

Үйірмедегі сабақтың өткізілуіне қолайлы жағдайлар да жасалды. Мәселен, бұл үшін арнаулы бөлме бөлінді, ол қажетті оқулықтармен, көрнекі құралдармен, саяси-әкімшілік карталармен қамтамасыз етілді. Насихатшылық жұмысқа осы қолхоздағы жеті жылдық мектептің мұғалімі Қайыр Сыздықов жолдас тағайындалды. Алғашқы күннен бастап ол үйірмедегі сабақтарды қызғылықты етіп өткізуге, сөйтіп тыңдаушылардың саяси білім алуға деген ынтасын арттыруға зор назар аударып келеді. Осы мақсатпен насихатшы әрбір сабақты көрнекі құралды пайдалану арқылы өткізіп отырады. Сондай-ақ, Сыздықов жолдас әрбір тақырыпқа мұқият әзірленіп келеді. Оның әңгіме түрінде өткізген әрі түсінікті, әрі қызық сабақтарында жергілікті материалдар көп кездеседі және олар қолхоз еңбекшілерінің, қолхоз комсомол ұйымының алдында тұрған аралуан міндеттермен тығыз байланыстырылып отырылады. Насихатшының мұндай әбройлы жұмысы тыңдаушыларды ырыс етуде. Олар насихатшының тапсырмасы бойынша партия тарихының әрбір тарауы жөнінде ұқыптылықпен конспектілер жасап отырады. Рас, алғашқы кезде конспектіні қалай жасау керек екендігін білмейтін комсомолдер де болды. Оларға Сыздықов жолдас үйірме сабақтарынан тыс уақыттарда үнемі көмектесіп отырды. Соның нәтижесінде кәзір үйірмеде өз конспектісі жоқ бірде-бір комсомол кездеспейді.

Үйірме тыңдаушыларының партия тарихын үйренудегі жұмыстарын жеңілдету үшін жергілікті оқу үйі де көп көмек жасап келеді. Мұнда үйірмеде өткізілетін тақырыптарға сәйкес саяси әдебиеттер

оңаша жыйнақталған. Сондай-ақ, мұндай әдебиеттердің тізімі де бар.

Партия тарихының бірінші тарауындағы «В. И. Лениннің революциялық қызметінің басталуы» және В. И. Лениннің «Халық достары» деген кімдер және олар социал-демократияға қарсы қалай жүреседі?» деген еңбегі жөніндегі және тағы басқа тақырыптар үйірмеде жете меңгерілді. Комсомолдер С. Нұрғалиев, К. Ғалымов және С. Қонысбаев жолдас-тар В. И. Лениннің жоғарыда аталған еңбегін бірігіп оқыды. Сөйтіп бұл еңбек жөнінде, ондағы қамтылған түйінді мәселелер жөнінде өзара пікір алысу және түсініксіз қалған мәселелерді насихатшыдан сұрап алу арқылы олар тақырыпты терең ұғынуға жетісті.

Бастауыш комсомол ұйымының секретары С. Нұрғалиев жолдас комсомолдердің үйірмедегі сабақтарға үзбей қатысуын қадағалап отырады. Алғашқы кезде кейбір комсомолдер үйірмедегі сабақтарға сирек қатысып жүрді. Бұлардың төртбіі комсомол комитетінің мәжілісінде қатты сынға алынды. Олар саяси оқу жүйесіндегі еріктілік принципін қате түсінген болып шықты. Бұл жолдас-тар үйірмеге қатысу, не қатыспау «өз еркіміз» деп ойлаған. Оларға еріктілік принципінің мәнісі: комсомолдердің саяси оқудың белгілі бір түрін таңдап алуға ерікті екені, ал бұдан кейін ол өзі қалаған оқу түріне сәйкес БЛКЖО Уставының талабы бойынша саяси білім дәрежесін үздіксіз арттырып отыруға міндетті болатыны түсіндірілді. Өздерінің қателіктерін түсінген мұндай жолдас-тар үйірмедегі сабақтарға кәзір белсене қатысып, өтілетін тақырыптарды терең меңгеруге ұмтылуда.

Міне, ұйымдастыру және бақылау жұмыстарының тығыздығы жүргізілуі, насихатшының жақсы әзірлігі, сабақ өткізу шеберлігі және тыңдаушылардың сабаққа ынталылығы мен белсенділігінің артуы нәтижесінде СОБП тарихын үйрену жөніндегі саяси үйірменің сабақтары кәзіргі кезде зор ұйымшылдықпен өтуде.

М. БАЛАХМЕТОВ.

Тракторлардың мезгілінде және сапалы жөнделуін қамтамасыз етейік

Совхоздарда тракторларды жөндеу қарқыны әлі баяу

Облысымыздың совхоздары жыл сайын жаңа ауылшаруашылық техникалармен мол жабдықталып келеді. Ол алған техникаларының: тракторлардың, комбайндардың, автомобильдердің, сеялкалардың, плугтардың тағы басқа да машиналардың маркаларының құрамы алуан түрлі. Сондықтан да совхоз механизаторлары мен мамандарының, инженер-техниктері мен директорларының өзінгі жағдайдағы басты міндеттері сол — алып техникаларды уқыпты ұстап, өнімді пайдалану болып отыр.

1955 жылы совхоздар алдына қойылатын дала жұмыстарының талабы быйылғыдан зор. Демек, келесі жылы совхоздар бойынша егістік жердің көлемі үстіміздегі жылмен салыстырғанда үш еседен артық болмақ. Олай болса тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарының алдағы жылдың дала жұмыстары үшін сапалы жөндеу, толық әзірлікте болуы еңбек майданында шешуші роль атқарады. Әрбір ауылшаруашылық машинаның жөнделу сапасының жақсы болуы—егіннен өнімді мол алудың тағдырын шешетін негізгі бір шарт.

Совхоздардың дирекциялары, бастауып партия ұйымдары мен инженер-техник мамандары өткен жылға қарағанда быйыл жөндеу жұмыстарының аса жауапты екендігін ескерулері керек. Бұрынғы совхоздар жаңа ұйымдастырылған совхоздарға үнемі көмектесіп отыруға тиіс. Совхоздардың барлығы көктемгі егісті жыртылған пар мен зыбке жүргізеді. Сондықтан да сеялка, жер сыдырғыш, культиватор, тісті тырмалар сыяқты машиналардың жеткілікті болуы қажет. Егер олар толық жөнделмеген болса, немесе сапасыз жөндесе, көктемде трактордың тоқтап қалуы мүмкін. Мұны тәжірибе көрсетіп келеді.

Жөндеу жұмыстарының сапалы, тез бітіуі—іске уақытында және ұйымшылдықпен кіріскен жерде ғана болады. Ал оның жерісінше жұмысты әзірліксіз бастайтын жерде жөндеу жұмыстарының сапасыз, әрі уақытында орындалмайтыны мәлім. Кейбір совхоздарда мынадай фактілер болып жүр. Оларда көктемгі егіс жұмыстары басталар алдында шала-шарпы жөнделген машиналар жұмысқа шығарылады. Ал мұның өзі, әсіресе тракторлардың жұмысыз көп тұрып қалуына, істелген жұмыстың нашар болуына әкеліп соғады. Үстіміздегі жылы бірсыпыра совхоз механизаторларының жылдық жұмыс тапсырмасын орындай алмай қалу себептері де, міне осыдан.

Совхоздар тресі бойынша (шартты

орындады. Совхозда басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу ісі де трактор жөндеумен қат-қабат жүргізілуде. Кәзір мұнда комбайн жөндеу жоспары 116 процент, культиватор 178,5 процент және сеялка жөндеу жоспары 60,2 процент орындалған. Петропавл совхозы трактор жөндеу жоспарының 53,3 процентін орындады. Бұл жұмыс жаңа құрылған совхоздарда да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Кәзір Жамбыл атындағы совхозда трактор жөндеуде тоқсандық жоспардың орындалуы 97,2 процент болды.

Аталған совхоздарда жұмыстың табысты жүруінің мәні неде? Алдымен бұларда жөндеу жұмысына дайындық қолға ерте алынды. Мастерскойлар, станок жабдықтары кезінде жөндеуді, керекті қосалқы бөлшектер жеткілікті мөлшерде әзірленді. Жөндеу жұмысына маман кадрлар іріктеліп алынды. Социалистік жарыс кең өрістеліп, оның орындалуы қамтамасыз етілді. Сөйтіп мастерскойларда еңбек дұрыс ұйымдастырылды. Еңбек тәртібі қатаң сақталды. Әрбір жөндеуші өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарады.

Егер барлық совхозда жұмыстың барысы осылай болса, онда тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу кәзіргі жағдайдан әлде қайда жақсы болған болар еді. Ама! не, облыстың бірсыпыра совхоздарында жұмыстың барысы өте нашар. Тіпті жөндеу мастерскойлары күнілгері дайын болған Қыялы, Тоқшын, Мамлют және Приешім совхоздарында әлі күнге бірде-бір трактордың жөндемеуі танқаларлық жағдай. Бұл совхоздардың директорлары мен партия ұйымының секретарьлары басты мәселе—трактор жөндеу жұмысын ұйымдастыруға немқетті қарап жүр. Жөндеу жұмысы бетімен жіберілді. Жұмыс орындары реттелмеген, механизаторлар арасында тәртіп жоқ.

Ұзынкөл, Қарағанды және Қызылөскер совхоздарында жөндеу жұмысы басталған да жоқ, бұларда жөндеу мастерскойлары дайын емес. Совхоз басшылары «үлгереміз, асығатын не бар» деген керенау пікірдің шырмауында жүр.

Кейбір совхоздарда жұмысты тез аяқтау мақсатымен тракторларды тек жеңіл жөндеуден ғана өткізу практикасы орын алған. Совхоздарда жөндеуген 276 трактордың 6-уының ғана күрделі жөндеуден өтуі бұған толық дәлел. Жөндеу жұмысында мұндай зиянды практиканың орын

Олар тракторларды сапалы жөндеу үшін күресуде


Сартомар МТС-нің (Совет ауданы) Касенбай Ахметов басқаратын трактор бригадасында 3 «ДТ-54», 3 «СХТЗ» және 1 «НАТИ» тракторлары бар. Бригададағы механизаторлар бұл тракторларды өткен жылы жұмысқа мұқият әзірледі. Тракторларды жөндеу кезінде және жөндеу болғаннан кейін де олардың әрбір бөлшектерінің іске жарамдылығына сын көзбен қарады. Байқалған ұсақ ақаулардың өзін іс үстінде тез жойып отырды. Осының нәтижесінде быйылғы көктемнен бастап, күзгі дала жұмыстарын аяқтағанға дейін бригадада бірде-бір трактор техникалық жарамсыздықтан босқа тұрған емес.

Ахметов жолдас басқарған бригада жылдағыдай быйыл да «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жұмыс істеді. Көктемде 1095 гектар алаңды жыртып, өңдеп, оған дәнді дақылдардың тұқымын сетті. Бұл жұмыстардың держесінде, жоғары сапада жүргізілуі нәтижесінде егіннің шығымдылығы артты. Атап айтқанда бригада жұмыстаған жерден орта есеппен 11 центнерден өнім жыйналды. Ал оның ішінде тыңға егілген 200 гектарға жуық жаздық бидайдың әрбір гектарынан 20—23 центнерден өнім алынды.

Механизаторлар пар жырту, оны күту, мал үшін жемшөп дайындау, егін жыйнау жөніндегі тапсырмаларды да уақытында орындады. 1217 гектар зыб жыртып, бұл жөніндегі жоспардың 10 процент артық орындалуын қамтамасыз етті. Тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын 127,6 процент орындады. Сөйтіп, бригада мүшелері бір жыл ішінде жоспар бойынша шартты жырту есебінен 6720 гектардың орнына 7200 гектар жер жұмыстады. Мұның өзі бригададағы әрбір 15 аттық күші бар трактормен орта есеппен алғанда 712 гектар жер жұмысталды деген сөз.

Бригададағы озат тракторшылар өндіріске техника қуатын пайдаланудың тамаша үлгісін көрсетті. Мәселен, С. Касенов оның сменашысы О. Есмағанбетов жолдастар «ДТ-54» тракторымен 950 гектардың орнына 1265 гектар жер жұмыстады. Тракторшы К. Әбішев, Н. Өтеуов, Д. Бейсенбин жолдастардың әрқайсысы жылдық тапсырмаларын 130—150 процент орындады. Сонымен бірге бригада бойынша жүздеген килограмм жанар май үнемделді.

—Міне мұның бәрі, —дейді, трактор бригадасының бригадирі Ахметов жолдас, —тракторлар мен ауылшаруашылық машина сайманды жоғары сапада жөндеудің, техника қуатын тиімді пайдалана білудің нәтижесі. Сондықтан біз үстіміздегі күзгі-қысқы жөндеу жұмыстарына



Ленин ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы трактор бригадаларында үгіт-бұқаралық жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Онда жауынгерлік листоктар шығарылады, көрсеткіш тақталары бар. СУРЕТТЕ: жастар көрсеткіш тақтадан өздерінің жұмыс нәтижелерімен танысып тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Әрбір колхозда балалар яслиі ұйымдастырылсын

Партиямыз бен үкметіміздің қысқа мерзім ішінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімін арттыруға жетісу, елімізге астықты және мал шаруашылығы өнімдерін неғұрлым көп беру жөнінде алға қойып отырған зор міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруда әйелдердің атқаратын ролі өте зор. Сондықтан жас баласы бар колхозшы әйелдердің барлық жұп-жігерлерін салып егіннен мол өнім алу жолындағы күреске белсене қатысуын қамтамасыз ету үшін колхоздарда балалар яслилерін ұйымдастырудың алды-ала қажетті шараларын қарастыру қажет.

Совет өкметі жылдарында балалар яслилері колхоз құрылысының өмірінен берік орын алды. Яслилер жазғы дала жұмыстарының және егін орағының ең қызу кезеңдерінде колхозшы-аналарды баламен үйде отырудан босатады, олардың еңбекке белсене қатысуына, сол сыяқты балаларының дұрыс тәрбие алуына көмектеседі.

Яслилер ауылшаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындауда колхоздарға да зор көмек көрсетеді. Өйткені балалар яслилері ұйымдастырылған колхоздарда жас балалы әйелдер колхоз өндірісінде қорамдық еңбекке ерлермен бірдей қатысып отыр.

Мәселен, Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозында балалар яслиі ұйымдастырылып, оның жұмыс істеуіне толық жағдай жасалған. Соның нәтижесінде өткен жылы балалы әйелдер Прохорова, Дерукова, Гладковская және басқалары балаларын яслиге орналастырып, еге

яслилерін ұйымдастыруды жете ойластырулары қажет.

Селолық яслилер маусымды және тұрақты болады. Тұрақты яслилер жыл бойы, ал маусымды яслилер ауылшаруашылық жұмыстарының ең қызу кезінде жылына 6—7 ай жұмыс істейді. Тұрақты яслилерді ұйымдастыру өте пайдалы. Өйткені әйелдер тек дала жұмыстары кезінде ғана емес, күзді күні де, қысты күні де еңбекке қатысып отыруы керек. Әр жылда көктемде қайталап ясли ұйымдастырып жатқаннан гөрі тұрақты ясли ұйымдастырып, оларды мебельдермен, ойыншықтармен, азық-түлікпен қамтамасыз еткен жөн.

Балалар яслиін ұйымдастыру үшін колхозда бір айдан үш жасқа дейінгі кемінде 25 бала болуға тиіс. Егер осы жастағы балалардың саны бұдан кем болса, онда балалар бақшасы мен біріккен ясли ұйымдастырылады. Балалар жасына қарай ерекше екі-үш топқа бөлінеді. Әрбір топта тәрбиеленетін бала саны 20-дан аспауға тиіс.

Колхоз яслилері ауылшаруашылық артели Уставының 11—12 параграфына сәйкес ауылшаруашылық артелинің есебінен жұмыс істейді. Ясли үшін жабдықтауға, жөндеуге, мүліктер, ойыншықтар сатып алуға жұмсалатын барлық қаражаттар колхоздың кіріс-шығыс сметасына енгізіледі. Ал яслилерді қызметкерлермен қамтамасыз ету және балаларды дәрiгер-лiк көмекпен қамту, медициналық-таза-лық сақтау жөнінен бақылап отыру денсаулық сақтау орындарына жүктеледі.

Қандай ғана істің болмасын табысты болуы үшін қажетті байланысты қамтамасыз ету керек.

Редакцияға хат

МЕКТЕП ПЕН АТА—АНАЛАРДЫҢ БОРЫШЫ

Жас буындарды білімді, мәдениетті совет азаматы етіп тәрбиелеуде мектеп үлкен роль атқарады. Жастар мектепте тек білім ғана алып қоймай, сонымен бірге келешегіне зор ықпалы бар коммунистік мораль тұрғысынан да тәрбие алады. Өрине, балаларды тәрбиелеу жұмыстары тек мектептегімен ғана шектеліп қалмауға тиіс. Тәрбие жұмыстарының табысты болуы, ең алдымен, жастардың семьяда алған тәрбиесімен тығыз байланысты екені белгілі.

Алайда, бізде өз балаларын тәрбиелеумен жеткілікті шұғылданбайтын, олардың сабақ үлгерісі мен тәртібіне жете назар аудармайтын ата-аналар әлі де кездесіп жүр. Олар өз балалары оқытып мектеп коллективімен байланыс жасамайды, балаларының теріс жолға түсіп жүргенін тез аңғарып, оларға дұрыс тәрбие беру үшін дереу шара қолданбайды. Қайта мұндай ата-аналар баласының кемшіліктерін жасырып, оны қолдайды, баланы орынсыз еркелетуді әдетке айналдырады. Міне, осындай «тәрбиенің» салдарынан № 7 жетіжылдық мектептің (директоры Брыдигин жолдас) алтыншы класс оқушысы Тимофеев мектепте және көшеде тәртіпсіздік жасау, пылым тарту жолына түскен. Сабағын өте нашар үлгереді. Тіпті ол өз үйінен ақша ұрлап алып шығып, осы мектептің төртінші класс оқушысы Глухихпен бірге асханада арақ ішуге дейін барған.

Мұндай теріс жолға түскен оқушылардың ішінде алтыншы класс оқушысы Баранов, төртінші класс оқушысы Сидорова, тағы басқалары бар. Бұлар мектепте оқытушылардың түсіндірген сабақтарын ұқыпты тындамайды, үйге келген соң да сабаққа өздігінен әзірленбейді, сөйтіп, жол уақыттарын көше қыдырумен босқа өткізеді. Өрине бұдан кейін олардың сабақты да нашар үлгеретіндігі даусыз. Кейбір оқушылардың мұндай теріс жолға түсуіне мектеп коллективі де тікелей кінәлі. Мектептің ата-аналармен байланыс жасауы жеткіліксіз. Бұған жақында болған туысқандар жыйналысына 401 оқушының ата-аналарынан небары 40-ақ адам келгендігі айқын дәлел.

Мұнда туысқандар комитеті формальды түрде ғана құрылған, ол ешқандай жұмыс жүргізбейді. Оның үстіне мектеп партия ұйымы мен дирекциясы оның жұмысын жандандыруға ешқандай шара қолданбай отыр. Мұндай жағдайға бұдан өрі төзуге болмайды. Мектеп дирекциясы туысқандармен тығыз байланыс жасай отырып, оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын мейлінше жақсарту керек.

К. ШАЙХЕСЛӘМОВ.

Кино көргіміз келеді

Колхозшылар күнделікті табысты еңбектен кейін бір мезгіл мәдениетті түрде тынығып, бос уақыттарын көңілді өткізгілері келеді. Олардың бұл тілектері

жырымен есептегенде) әр трактордың жұмыстаған жері 490 гектар, ал Қарағанды совхозында 264 гектар, Октябрь совхозында 284 гектар ғана. Мұның негізгі себебі машиналардың кезінде сапалы жөнделмеуінде және оны пайдаланудың тәртібін бұрмалауда. Алдағы жылдың көктемінде мұндай жағдайлардың қайталанбауы үшін совхоз басшылары өткен жазғы жеміштіктерден қорытынды шығара білулері керек.

Совхоздардың трактор жөндеу туралы нақты тапсырмалар алып, оны орындауға кіріскеніне айнал асты. Көзір бірсыпыра совхоздың басқарушылары, бастауыш партия ұйымдары бұл аса маңызды істі жақсы ұйымдастырудың нәтижесінде айтарлықтай табысқа ие болып отыр. Мысалы, Возвышен совхозы трактор жөндеу жұмысын дерезінде бастап, көзір бұл жөніндегі жылдық жоспарды 33 процент

ауы совхоз директорларының бұл маңызды істі естен шығарып, жауапсыздыққа салынуынан болып отыр. Жөндеу жұмысын тездету үшін жөндеуге қосалқы бөлшектері әзір тракторларды ғана қойған жөн. Бұлай етпегенде бір трактордың өзі жөкелеген бөлшектің болмауы себепті мастерскойда ұзақ уақыт тұрып қалады. Мұның өзі басқа тракторларды жөндеуге бөгет жасайды.

Совхоздың директорлары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жөндеу жұмыстарында орын алып келген кемшіліктердің бетін ашып, оны жоюға, істің шапшаң жүруіне, жөндеу сапасының жақсы болуына бағытталған шұғыл шараларды жүзеге асырулары керек. Жөндеу жұмысына кадрларды іріктеп алудың, олардың арасында еңбекті дұрыс ұйымдастырудың зор маңызы бар. Олай болса бұл мәселелерге совхоз басшылары үнемі көңіл бөліп отырулары керек.

В. БОЙЧЕНКО.

белсене қатысып отырмыз. Тракторлардың барлық бөлшектерін мұқият тексеріп, байқалған кіші-гірім ақауларды да жоюға зер салудамыз. Бұл келесі жылы техника күшін пайдалануды бұрынғыдан да жақсарту түсуімізді қамтамасыз етеді. МТС-іміздің колхоз өндірісін онан әрі өрге бастыра беру жөніндегі ролін арттыра беруге мүмкіншілік береді.

Р. ҚАСЕНОВ.

Өнімді еңбек

Соколов ауданындағы Налобин МТС-нің механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді алғашқы күннен бастап ұйымшылдықпен жүргізіп келеді. Олар көзірдің өзінде 10 тракторды, 10 сеялқаны, көптеген плугтар мен культиваторларды сапалы жөндеуден өткізді.

Мұнда жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша жүргізіледі.

Е. САҒЫНДЫҚОВ.

Еңбек даңқы

...Депоның партия комитетінде депо бастығы, Социалистік Еңбек Ері полковник Поляков, депо партия комитетінің секретары Исаков, дайындау цехының мастери Шмагнов және екі-үш кісі отыр. Шмагнов секретарьға қарап:

—Екінші бригадала бригадир болуға Нұржанов қолайлы. Өз ісін біледі. Коллектив адамдары оны тыңдайды, беделі бар коммунист, —деді.

—Бұдан 10 минут бұрын Нұржановты осында шақырттық. Көзір өзі де келіп қалар, —деп Исаков сағатына қарады.

Дәл осыны жүткендей есік қағылды.

—Кіруге ұрықсат па?

—Кіріңіз, кіріңіз, Сәлематсыз ба Нұржанов жолдас? Отырыңыз, —деп секретарь Зиядаға бос тұрған орындықтарды нұсқады.

Отырған депо бастығының, бас инженердің, цех мастерінің және екі жұмысшының бірден назар аударуы, Зияданы аздап қолайсыздандыраңдай болды. Исаков дайындау цехының көзіргі жағдайы туралы айтты. Сонымен сөзін қорыға келіп:

—Сізді цехыңыздағы № 2 бригаданың бригадирлігіне ұйғарып отырмыз. Қалай қарайсыз? —деп сұрады.

—Менен гөрі бригадирлікке Николай Кузнецов қолайлы болар...

—Бригадирліктің жауапкершілігі бар қызмет екені рас. Бірақ сіз одан қорықпаңыз. Қиыншылықтар болады, оны коллективтің күшімен жеңесіз. Ал, Кузнецов іскер адам, дегенмен ол әлі де үйрене тұрсын. Келістік қой?

Қобалжып өзіне өзі сенімдіремей отырған Зияда, цехты, цехта істейтін жолдастарын, жұмыс процесін көз алдына тез елестетіп өтті. Секретарьдың айтқан сөздері, басқалардың да сенім білдіріп, оны үгіттеуі, өзінің жалғыз емес екені оның жүшін молықтырғандай болды.

...Түн. Үй іші ұйқыда. Стол үстінде жетінші класс оқулықтарын жайып салып Зияда отыр. Көпкі жастар мектебі-

нің сабағынан шығып, өткенді пысықтап шығуға ойы кеткенмен, дәл бүгін сабаққа онша зауқы соқпай, партия ұйымының алдында бригадир болуға келісім бергені, одан цехтағы атқаратын жұмыстары оны ойлаңдырып отырды. Ол қандай тапсырысты болса да аброймен орындауға тырысушы еді және орындап та жүруші еді. Ол жұмыстың жаман істелуінен қатты ұялушы еді. Осы себепті бүгін көп ойланды. Көп ойдың арасында өткен өмірі де есіне түсті.

1931 жылы Петропавлдағы ФЗО мектебінде бір жыл оқып, слесарь мамандығын алды. Оқуды бітіргеннен кейін депоның дайындау цехына келіп, алғаш үйренуші, келесі жылы жеке станокті меңгерді. Ол кезде цех әлсіз, сондықтан жұмысы да өнімсіз болатын. Техникалық жабдықтар жетіспейтін. Одан 1938 жылы Кызыл Армия қатарына алынды: Ұлы Отан соғысына қатысты. Совет Армиясының жауынгері Нұржанов, гитлершіл басқыншылардың уақытша құлдығына түскен халықтарды азат етуге қатысты. Сталинградтан Берлинге жауынгерлік жорықпен жетті. Жауды өз ордасында талқандағандардың бірі болып, 1946 жылы жеуде толған ордендермен елге қайтты.

Міне, өз елі. Кіндік кесіп, кір жуған асық ойнаған тақыршақ. Барлығы өзіне таныс, бірі быстық. Сегіз жыл көрмеген қаласына қайта оралғанда шексіз қуанды.

Цехқа, достарына сағынып қосылған Зияда еңбек-өнімділігін 300 кейде 350 процентке дейін жеткізіп жүрді.

Дайындау цехы паровоз денесіндегі шытырман ұсақты-ірілі бөлшектердің барлығын әзірлеп беретін коллектив. Әресе, паровозға көп керек болатын бұқсалар, подшипниктер, бу жүретін арматуралар, доңғалақты қозғалысқа келтіретін жетектер, поршень головкасының үлкен және кішкене кинг сақыйналары осы цехта дайындалады. Дайындау цехының № 2 бригадасы Зиядаға тапсырылғаннан бері цех мастери, слесарьлар мен

токарьлар оған үнемі көмектесіп отырады.

Алғашқы кезде норманы орындай алмай жүргендердің саны кейіннен біртіндеп көмі берді. Рас, шу дегенде Зияда бригадирліктің міндетін неден бастап, қалай істеу керектігін білмей де жүрді. Бірақ ол үнемі іздену, үйрену жолында болды. Оған көбінесе цех мастери, досы Кузнецов көмектесіп отырды. Істің үш айлық қорытындысы бригаданың елеулі табыстарға жеткендігін де аңғартты.

Жалпы депоның тоқсандық қорытындысы шығарылған күннің ертеңіне бас инженер Лосев, депо бастығы Поляков, партия комитетінің секретары Исаков жолдастар цехтарды аралап, жұмыс жағдайымен таныса дайындау цехына да келді. Сменада Зияданың бригадасы істеп жатқан болатын. Олар арматураның бу шығаратын трубасын тазалап жатқан Соколомен, фрезеровщик Сурковпен және екі-үш жұмысшымен сөйлесті де, Зияданың қасына келді.

—Сәлематсыз ба? Не істен жатырсыз, жолдас Нұржанов?

—Аманшылық. Мына Константин Ивановқа барабандағы қаңылтыр фронтанды қалай жөнге келтіру керек екендігін түсіндіріп тұрмын.

—Дұрыс, үйрету керек. Көне Иван жолдас, өкеулеп көрейікші.

Бас инженер оп-оңай қаңылтыр фронтанды қалына түсіріп, тез үлгіге келтірді. Қарап тұрғандардың барлығы инженердің шеберлігіне сүйсінгендік білдірісті. Енді ол Зиядаға бұрылып:

—Жолдас Нұржанов, сіз бұдан үш ай бұрын бригадирліктің мамандығын алқара алмаймын деп едіңіз, оныңыз бекер екен. Сізден тамаша бригадир шықты. Мына жолдастар қателеспейті. Оны өзім де байқадым. Берілген жоспар артығымен орындалып, оның техникалық сапасы өте жақсы деген бағада қабылданды. Бұл әбден жарайды. Бұдан да жақсы істеліңіздер, —деді ол бригадир мен жұмысшыларға қарап.

—Жолдас бас инженер, біз әлі көп

жұмысқа үйрен еңбек етті, сойтып, әрқайсысы 390—500-ге дейін еңбеккүн тапты. Бұл яслиге быйыл 54 бала қамтылған.

Сол сыяқты, Полудень ауданының колхоздарында быйыл 21, Приенім ауданының колхоздарында 16 балалар яслиі ұйымдастырылды. Мұның өзі аналардың еңбекке белсене қатысып, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік берді.

Міне, балалар яслилерінің маңызы қаншалықты зор екендігін осы фактілердің өзі-ақ айқын дәлелдейді. Олай болса колхоз басқармалары колхозда балалар

Ұйымшылдықпен жазылуда

Булаев ауданы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары 1955 жылғы газет-журналдарға ұйымшылдықпен жазылуда. Мұнда барлық колхозшылар газет, журналдарға жазылған. Газет, журналдарға жазылуда қарт колхозшылар С. Абабаев, К. Әбуғалиев, К. Әлжанов жолдастар зор белсенділік көрсетті. Олар

нәрсені білмейміз, мақтауыңыз ертерек бола ма деп қауыптенеміз, —деді Нұржанов.

—Ерте емес, жолдас Нұржанов. Жақсыны жақсы деп, жаманды жаман деп уақытында ашық айтуымыз керек, —деді манадан бері сөзге араласпай тұрғач секретарь.

Зияда күндегі дағдысымен сменаны қабылдап алғаннан кейін бүгінгі істелетін жұмыстың тапсырмаларын қарады. Оларда бірнеше жұмыстың түрлері көрсетілген. Зияда токарьлар мен слесарьларға тапсырыс берді. Арматурщик Александр Поскудин бу жүретін трубалардың ішінде қатып қалған құмдақты үгіп түсіріп жатыр. Токарь Михаил Кузнецов пен слесарь Михаил Квасов аспалы терлерде жетекті асып қойып, жұмысқа кіріскен. Басқалары да өз станоктарында әртүрлі бөлшектерді өңдеп, жөндеп жатқанын көресіз.

Бригадаға берілген зақаздардың ішінде натулжаның және бұқса қақпағының аса қажет екені ерекше көрсетілген. Бригадир материал алуға қоймаға келіп, керекті заттарын сұрағанда ол материалдар қоймада жоқ болып шықты. Қойма меңгерушісі Козловтың сөзіне сенбей, өзі іздеп еді, таба алмады. Не істеу керек? Тапсырма берілген. Оны қалай да орындау керек. Жолда осыны ойлап, келіп жатқан Зияданың есіне ескі темірлер ұйытпен орын түсті. Ол кілт бұрылды да тіке сол жерге барды. Онда керексіз деп тасталған әртүрлі темір бөлшектері, қалың қаңылтырлар болатын. Соның ішінде жарайды деген бірнеше темірлерді іріктеп шетке шығарып қойды да, екі жұмысшыны ертіп келіп, цехқа алып кетті. Ал олардан тамаша керекті заттар —паровоз бөлшектері жасалды, тапсырма да орындалды.

Зияда Иван Коваленкоға істің жағдайын түсіндірумен біраз уақытын өткізді. Коваленкоға міндеттелген жұмыс күндегі дең ауыр, әрі жауапты болатын. Ал өңделетін әрбір детальдың сапалы, дәлме-дәл болуы шарт. Сондықтан Зияда детальдың жасалуын бақылаусыз қалдыра алмады.

қармаларының міндеті яслилерге жұмыс істеу үшін балаларды тәрбиелеуге қолынан іе келетін, неғұрлым лайықты адамдарды іріктеп алу болып саналады.

Социалистік шаруашылықты неғұрлым тез өркендету жөніндегі міндетті ойдағыдай шешу үшін әрбір колхозда балалар яслилерін ұйымдастыру арқылы колхозшы аналарды колхоз өндірісінде қоғамдық еңбекке белсене қатыстыратын болайық.

Т. ИСАЕВА,

Облыстық денсаулық сақтау бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

көптеген газеттерге бір жылға толық жазылды.

Газет, журналдарға жазылу науқаны Ленин атындағы колхозда да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Мұнда колхозшылардың түгелдей газет алдыруы қарастырылған.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

орынды да, заңды да. Аманда престолың аңындағы Аманкелді атындағы колхозда колхозшылар мен механизаторлардың бұл тілегіне жеткілікті көңіл бөлінбей отыр.

Мұнда колхозшылар үшін жаңа кинолар көрсету ұмыт қалған. Аудандық мәдениет бөлімі бұл колхозға жылжымалы кино жібермегелі бір жылдан астам уақыт болды. Колхозшылар бұл жөнінде мәдениет бөліміне бірнеше рет хабарласа да жағдай өзгеріссіз қалып отыр.

Қ. ЫРСАЕВ.

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ІС

Чапаев атындағы ауылшаруашылық артелі (Октябрь ауданы) үстіміздегі жылы жаңа движок сатып алған болатын. Движок колхозға электр қуатын беруге пайдаланылуға тиіс еді. Колхозда движокті орнатуға сөйтіп, оны шаруашылық жұмыстарға пайдалануға толық мүмкіншілік бар және мұның өзі өте қажет іс.

С. ҚАЙЫРЖАНОВ.

арзандап, мемлекетке мыңдаған сом пайда келтірді.

Нұржанов досы Николай Кузнецовпен бірлесіп, поршеньді головканың үлкен кинг сақыйнасынан кішкене сақыйналы кинг жасауды жүзеге асырды. Бас инженер Лосев, цех мастери Шмагнов, бригадир Зияда, оның досы Николай және екі-үш техник қызметкерлер жаңа жасалған станокті байқауда. Электр рычагыны басып қалғанда станокті қозғалысқа келтіріп тұрған мотор зыр-зыр айналды. Үлкен кинг сақыйнасы кесіліп түсті. Оның ұзындығы 20 сантиметр, диаметрі 3 сантиметр. Зияда осы металды жонып, диаметрін де, ұзындығын да екі есе кішірейтті. Оның екі ұшын иіп әкеліп, электр қуатымен балқытты. Сөйтіп, оны сақыйна түріне келтіріп, екі басын қосты. Ұсақ бұдырлы егеумен тегістеп, кішкене кинг сақыйнасын жасады. Істің барысын бақылап тұрған комиссия мүшелері Нұржанов жаңалығын мақұлдап, өндіріске енгізуді ұйғарды.

—Жолдас Нұржанов, —деді бас инженер Лосев, —сізді де, досыңыз Кузнецовты да құттықтаймын, —деді де олардың қолын қатты қысты.

Зияда бүгін ерекше көңілді. Омыраудағы екі қызыл жұлдыз орденімен қатар тағылған 9 медаль сүйкімді үнмен сылдыр қағып, электр сәулесіне шағылыса жарқырай түседі. Бұлардың беталысы теміржолшылар клубы.

Клуб. Зал іші лық толған депоның машинистері, токарьлары мен слесарьлары мен жұмысшы техник қызметкерлері. Еңбекте үздік табыстарға жеткен бригадалар коллективіне сыйлық тапсырылады. Бригада коллективі міндеттерін орындауда үздік табыстарға жеткені және он айда жылдық тапсырманы артығымен орындағаны үшін бағалы сыйлық берілді. Бұл сыйлықты алып тұрып, Зияда:

—Жолдастар, табысқа бригада коллективі мастанбайды. Табысымызды баянды ете отырып, жаңа жетістіктерге жету үшін еңбек өнімділігін арттыра береді, —деді.

К. ЕСІМОВ.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

БЕЙБІТШІЛ СОВЕТ САЯСАТЫНЫҢ

ҰЛЫ КҮШІ

Жер шарында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын өз еңбекшілері атап өткізбеген бірде-бір ел жоқ. Арктикалық Исландия мен Оңтүстік Африка Одағында, Қытай Халық Республикасында және Америка Құрама Штаттарында, Англия мен Францияда, Аргентина мен Индияда — еңбек адамдары мәңгідеген барлық жерде де олар жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш мемлекетінің өмір сүруінің бұл жылдығын даңққа бөледі. Мұнымен бірге Совет Одағының халықтар арасындағы бейбітшіліктің ту ұстаушысы және тірегі болып отырғаны барлық жерде де ерекше күшпен атап көрсетілді.

Бейбітшіл совет саясаты жаңа соғыстардың басталуына жол бермеуге ұмтылып отырған әртүрлі елдер мен халықтардың өкілдерін Отанмыздың төңірегіне біріктіріп отырған ұлы күшке айналды. Октябрь революциясының 37 жылдығын атап өткізе отырып, барлық елдердегі бейбітшіл адамдар Совет Одағының өзіндік дәйекті бейбітшілік саясатын оған әрі жүргізе беруге әзір екені Москва Советінің салтанатты мәжілісіндегі М. З. Сабуровтың баяндамасында жаңадан қуатталғаны ерекше қанағаттанған сезіммен құттықтап қарсы алды.

Француздың «Журнал дю диманш» газеті «Москва бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің мүмкін екенін атап көрсетуде» деп жазған және былай деген: «Шешен (М. З. Сабуров) дамытқан негізгі тақырыпты былай деп түсіндіруге болады: Совет Одағы халықаралық бейбітшілік пайдасын және өз елінде тұрмыс жағдайын жақсартуды көздейтін саясат жүргізуде». Ағылшындық «Санди таймс» социалистік және капиталистік системалардың бейбітшілікпен қатар өмір сүруі мүмкін екендігі туралы лениндік тезиске негізделген және Совет Одағы жүргізіп отырған саясаттың бұлжымайтындығы М. З. Сабуровтың баяндамасында атап айтылғаны ерекше атап көрсетілді. Совет Одағының бейбітшілікті баяндай етуге және халықаралық шиеленісті оған әрі бәсеңдетуге шақырғанын кейбір америкалық газеттері де атап көрсетті.

Өрлеп, капиталистік елдердегі көптеген баспасөз органдары М. З. Сабуровтың баяндамасында жасалған бейбітшіл совет мәлімдемелерін бұрмалап көрсетуге немесе ол жөнінде үндемеуге тырыспай қалған жоқ. Мысалы, Францияның, Англияның және Американың негізгі буржуазиялық газеттері «Лондон және Париж» келісімдерін бекіткеннен кейін төрт державаның герман мәселесі жөнінде келісімге жету мүмкіндіктері жақсарды-мыс» дейтін батыс саясатшыларының жалған тезисін әшкерелеген баяндаманың дәл осы бөлімін жариялады. Бірақ мұндай бұрмалаушылықтар батыстағы агрессияшыл топтардың ашыншыл және бейбітшіл совет сөздерінен қорқатынын

ескерткеніндей, АҚШ билеуші топтарының көптеген өкілдерін, ең алдымен үкіметтік республикашылар партиясының көрнекті өкілдерінің бір бөлегін «бейбітшілік тақырыбына күш салуға» итермелеген. Соңғы аптада мұны бірқатар фактілер дәлелдеп берді. Мысалы, 83-ші сайланған американ конгресі өкілдер палатасының председателі республикашыл Мартиннің жана соғыстардың керек еместігі туралы жуырда ашық мәлімдеме жасағаны еске салудың өзі де жеткілікті.

Ноябрың бас кезінде американ баспасөзінің бірқатар органдарында АҚШ-тың жоғары өкімет орындары американ авиациясының Қытайға әуе шабуылдарын жасауына қарсы пікір айтты деген хабарлар басылды. Солай бола тұрса да, 7 және 8 ноябрде 50 американ соғыс самолетінің алты топ болып, Қытай Халық Республикасының әуе кеңістігіне басып кіргені жұртқа мәлім. АҚШ-тың ресми қайраткерлері дүниежүзілік жаңа соғыстардың керек еместігі туралы мәлімдемелер жасауда. Ал оның бер жағында Батыс Европадағы американ саясаты герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына негізден құрылып, мұның өзі дүниежүзілік жаңа соғыс қатерін төндіруде.

Американ қайраткерлерінің сөз жүзіндегі үзделеріне қарамастан, американ сыртқы саясатының агрессияшыл сыйпатының тіпті де кемімегенін, қайта бірқатар жағдайда тіпті күшейе түскенін нақты фактілер көрсетіп беруде. Мұны, айта кетелік, сенаттағы американ республикашылардың басшысы Ноулдтің өзі де ешбір бүкілсіз мойындады. Ол бұдан бірнеше күн бұрын Майамиде сөз сөйлеп, АҚШ-тың «күш жұмсау тұрғысынан саясат» жүргізіп отырғанын атап көрсетіп, антисоветтік жалақорлық таратқан. Ноулдтің сөзі дүние жүзіне АҚШ капиталистік монополияларының үстемдігін орнатудың есуастық жоспарларынан қол үзгісі келмей отырған американ реакциясының бейбітшілікке дұшпан арам ниеттерін тағы да еске салып отыр.

ФРАНЦУЗ ХАЛҚЫНЫҢ ҮНІ

11 ноябрде Францияның жұртшылығы дүниежүзілік бірінші соғыстың аяқталғанына отыз алты жыл толуын атап өтті. Осыған байланысты бұл елде герман милитаризмін қайта тудыру және Батыс Германияны қайта қаруландыру жоспарларына қарсы көптеген жаңа қыймылдар жасалды. Француз ұлты, деп жазған Жак Дюкло «Юманите» газетінде, Лондон мен Париж қарарларының бекітілмеуін және герман проблемасын бейбітшілікпен реттеу туралы төртжақты келіссөздер жүргізуге Францияның тезінен келісім беруін талап етуде. «Мұның өзі, — деп атап көрсеткен Жак Дюкло, — жұмысшы табы мен француз халқының күштерінен тіпті де асып түспейді».

Мұның әзі шынында да осылай екенін Францияның «европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларын қабылдамай тастағаны айқын көрсетіп отыр, бұл

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

НБЮ- ПОРК, 13 ноябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Саяси комитеттің кеше таңертеңгі мәжілісінде атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы мәселе жөніндегі жаппы дискуссияның жалғасы болды.

Бірінші болып сөз сөйлеген Югославияның өкілі БҰҰ шеңберінде атом қуаты жөнінде халықаралық агенттік құру және ғылыми конференция шақыру пайдаланып жатқан пікір айтты. Ол атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалануды дамыту ісіндегі халықаралық ынтымақтың ерекше маңызын атап көрсетті. Югославия делегаты атом қуатын нашар өркендеген елдердің экономикасын өрге бастыру үшін пайдалану қажеттігіне ерекше назар аударды. Ол сөзінің қорытындысында қару-сызландыру туралы мәселе жөніндегі қарарды бірауыздан қабылдау, талқыланатын отырған мәселе жөнінде де келісімге жету мүмкіндігін арттырды деген сенім білдірді.

Бұл мәселе жөнінде келісілген қарарға жету қажеттігі Сирия делегациясының басшысы Шукейридің сөзінде бұдан да гөрі қажырлылықпен атап көрсетілді. Біздің, деді Сирияның өкілі, жеті елдің қарарына немесе басқа бір қарарға сүйеніп отырып, қыймыл жасайтын — жасамайтынмызға қарамастан, неғұрлым мүдделі жақтардың бәрін де қабылдауына болатын қарар қабылдау біздің бірінші дәрежелі міндетіміз болып табылады. Сирияның делегаты атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы мәселені атом қаруына тыйым салу проблемасынан мүлде бөліп тастау әрекетіне қарсы шықты. Біз қарап отырған мәселе, деді ол, неғұрлым көлемді проблеманың біртұтас бөлігі болып табылады. Бұл атом қуатының бүлдіргіш күшін ұмыта алмаймыз. Адам өмірінің өзі толық құртылу қатеріне ұшыратылып отырғанда, біз жақын тұрғысы қыялына беріліп, тыныштықпен отыра алмаймыз. Адамдардың өмір сүруінің өзін қамтамасыз ету мәселесіне, деп атап көрсетті Шукейри, олардың тұрмысын жақсарту туралы мәселеден гөрі зор маңыз берілуге тиіс. Сондықтан, деді ол, Совет Одағының позициясы әбден түсінікті болып отыр.

Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы мәселе жөнінде Совет Одағы мен АҚШ арасында жазылған дипломатиялық хаттарға тоқтай келіп, Шукейри өзінің бұл хаттарды аса зейін салып оқып шыққанын және бұл мәселені шешуге ОСРО тарапынан «негативтік көзқарас» жасалғанын еш жерден таба алмағанын мәлімдеді. Ол осы хаттарда атом қуатын соғыс мақсаттарына пайдалануға мүмкіндік бермейтіндей және бұл қуатты тек бейбіт мақсаттарға ғана пайдалануды мүмкін ететіндей халықаралық келісім жасау қажеттігі туралы айтылған пікірлерді келтірді. Мұндай позицияның өзі, деді Сирияның делегаты, атом қуатының өлгіме емес, қайта өмірге қызмет ететін болуын көздеп отыр.

Сирияның өкілі өзінің қорытынды

гін күштерді орасан зор көлемде арттырудың, техникалық және мәдени прогрестің, қоғам байлықтарын мөлдітудің перспективаларын ашып беруде.

Совет Одағының атом қуатын тек бейбіт мақсаттарға ғана толығымен пайдалануды қажырлылықпен талап етіп отырғаны, сонымен бірге бейбітшілік орнатуға және дүниежүзілік жаңа соғыс қаупіне қарсы кепілдіктер жасауға сөзсіз мүдделі болып отырған совет халқы мен барлық халықтардың бейбіт еңбегіне төнген қатерді жоюға ұмтылып отырғаны әбден заңды.

Атом электрстанциялары «коммерция жағынан тиімді» электр қуатын тек 20 және одан да көп жылдар өткенде ғана бере алады-мыс дейтін батыс елдеріндегі кертартпалық пікірлерге тоқтай келіп, Вышинский былай деп мәлімдеді: бірінші жағынан ядролық қаруды жыйнақтау бағыты, ал екінші жағынан, «азіргі уақытта атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін өндірудің рентабельді еместігімен байланысты коммерциялық ойлар мен мүдделер — атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдаланудың көлемді программасын жүзеге асыру ісінде батыс елдерін қыйнайтын зор қыйыншылықтар міне осындай екені күмәнсіз.

Совет Үкметі, деп атап көрсетті Вышинский, былай деп санайды: мемлекеттер арасындағы тиісті келісім негізінде құрылатын, атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі халықаралық орган, оған жүктелген міндеттерді тиімділікпен орындауына толық мүмкіндік беретін оның қызметі, сонымен бірге қайсы бір мемлекеттердің хауісіздігіне нұқсан келтіру үшін пайдаланылмайтын болғанда ғана, ол өзінің міндеттерін ойдағыдай орындай алады. Совет делегациясы, деп көрсетті Вышинский, халықаралық органның Бас Ассамблея мен Хауісіздік Советі алдындағы жауапкершілігін босаңсытатын АҚШ-тың «азіргі ұсынысы жөнінде Лодждан түсінік алуға әрекет жасады. Лодждың жауабы, өзінің формасы жағынан бұлтармалы бола тұрса да, іс жүзінде АҚШ-тың Хауісіздік Советін бұл істен аулақтатуға тырысып отырғанын күмәнсіз айқын көрсетеді. Халықаралық орган БҰҰ мен келісім арқылы, Бас Ассамблеямен, тіпті Хауісіздік Советімен де байланысы тым нашар болып отырған арнаулы мемлекеттермен жасалған келісімдер сыяқты келісім арқылы байланысты болады деген Лодждың сылтаулары Совет Одағының 22 септібрыдегі ескертпе хатында баяндалған принциптерге қайшы келеді.

А. Я. Вышинский мынаны еске салды: Бас Ассамблеяның 1946 жылғы 24 январьда бірауыздан қабылданған қарары атом қуатының жарыққа шығуымен байланысты туған проблемаларды қарау үшін сол кезде құрылған комиссия өзінің баяндамалары мен ұсыныстарын Хауісіздік Советіне беріп тұруға тиіс болады, соның өзінде, Хауісіздік Советі бейбітшілік пен хауісіздік мәселелерін қарауға бекітілген.

ларды жүргізуді жеңілдету және тездету үшін аса зор маңызы болар еді деп біз бұған дейін-ақ көрсеткенбіз. Осы жылғы 30 сентябрыдегі қарар жобасында біз сонымен бірге бұл ұсыныстарда белгіленген программаны орындау соның өзінде жоғарыда көрсетілген келісімге жетумен байланыстырылмайды деп көрсеткенбіз. Совет Одағы атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы халықаралық келісімге қосылу және осы мақсатпен жобаланып отырған халықаралық органға кіру жайындағы мәселеге де осындай позиция ұстап отыр.

Совет Одағы, деп мәлімдеді Вышинский бұдан кейін, атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану идеясын қызу қолдап отыр. Ол сонымен бірге атом қуатын пайдалану туралы мәселені түбірімен шешуді бұдан былай да көздеу қажет деп санайды, өйткені бұл мәселені шешпейінше, атом қуаты атом қаруын өндіру үшін пайдаланылмайды деп сену мүмкін емес.

Совет Үкметі атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану ісінде халықаралық ынтымақ жасау жайында келісімге жету мүмкіндіктері әлі де пайдаланылған жоқ деп біледі.

Бірақ бұл саладағы халықаралық ынтымақ, Совет Үкметінің терең сенуінше, осындай ынтымақты мемлекеттердің заңды мүдделеріне қарсы пайдалану мүмкіндігін жоюын принциптерге негізделген күнде ғана жемісті бола алады. Бұл принциптер атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақ жайындағы келісімнің қандай болса да қайсы бір елді немесе елдер тобын басқа мемлекеттерге өзінің дегенін істететіндей үстемдік жағдайға қоймауға тиіс деп көздейді.

А. Я. Вышинский жобаланып отырған органның Бас Ассамблеямен және Хауісіздік Советімен байланысын нашарлатуға ұмтылған АҚШ-тың әрекеті бұл принциптерге қайшы келеді деп көрсетті. Мұның үстіне, деді Вышинский, «жеті елдің» қарар жобасынан көрініп отырғанындай, бұл қарар жобасында іс жүзінде халықаралық органның сыйынатын күшігері белгілейтін ережелер бар. Ал оның бер жағында бұл мәселе әлі келіссөздер жүргізілетін мәселе болуға тиіс, өйткені АҚШ үкметі атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде халықаралық орган құрумен байланысты мәселелер жайында Совет Одағымен осындай келіссөздер жүргізуге әзір екенін білдіріп отыр.

Біз былай деп санаймыз: «жеті елдің» қарар жобасы жоғарыда көрсетілген фактілерге сәйкестірілуге тиіс және іс жүзінде халықаралық органның сипатын күшілгері белгілейтін ережелер бұл жобадан алынып тасталуға тиіс.

А. Я. Вышинский американ ұсыныстарында, бұл ұсыныстардың Лодж баяндамалары түрінде, АҚШ-тың осы жылғы 19 марттағы меморандумына және АҚШ президентінің 1953 жылғы 8 декабрыдегі мәлімдемесінен атом қуатын бейбіт мақ-

Иосиданың Вашингтондағы келіссөздерінің аяқталуы

ВАШИНГТОН, 11 ноябрь. (СОТА). Кеше Жапонияның премьер-министрі Иосиде мен американ үкметінің басшылары арасындағы келіссөздер аяқталды. Келіссөздер аяқталғаннан кейін АҚШ президенті Эйзенхауэр мен Иосиде бірақ ескен мазмұнда жариялады. Бұл мазмұндадан көрініп отырғанындай, Иосиданың Вашингтондағы келіссөздерінің барысында жең көлемді мәселелер еңгіме болған: саяси, соғыс және экономикалық проблемалар талқыланған. Эйзенхауэрдің Иосидемен келіссөздерінің қарсаңында үш апта бойы алдын ала жапон-американ келіссөздері жүргізіліп, бұған мемлекеттік департамент пен жапон үкметінің өкілдері қатысқан.

Тым жалпылама және күңгірт сыйыпты бар бірлескен мазмұндама келіссөздер кезінде қол жеткен нақты келісімдер туралы үндемейді. Мазмұндамада АҚШ-тың жапон экономикасына көмек көрсету құралдарын «оған әрі қараймыз» деген уәдесі келтірілген.

Мазмұндамада Жапонияның АҚШ-пен және «Азияның еркін елдерімен» ынтымақтасуға әзір екендігі айтылған (буржуазиялық насихат Азиядағы қолжаулық тәртіптерді осылай деп атап отыр. —Ред)

Мазмұндамадан көрініп отырғанындай, американ ауылшаруашылық товарларының артылып қалғанын Жапонияға сату тәртібі туралы мәселе Жапонияға қолайсыз рухта қаралған. «Бұл сатудан түсетін табыстың едәуір бөлігі» Жапонияның қайта қаруландыру мақсаттарына пайдаланылады деп атап көрсетілген мазмұндамада. Келіссөздердің нәтижесінде Тынық мұхит ауданында сутегі бомбаларын сынау салдарынан болған зиянның құнын Құрама Штаттардың Жапонияға төлеуі туралы Жапонияның өтініші, сонымен қатар АҚШ Жапонияға таяу жерлерде сутегі бомбаларын сынауды тоқтатысын деген талап қанағаттандырылмаған. Мазмұндамада тек АҚШ өкілдерінің «1 марттағы жанжал» жөнінде «қынжылатыны» ғана білдірілген, ал «бұл жанжал кезінде» — Тынық мұхиттағы атом сынау әрекеттерінен кейін радиоактивтік заттардың түсуі салдарынан 23 жапон башықшысы мерт болып, бұлардың біреуі өлген».

АҚШ-тағы жапон қаржыларының тағдыры туралы мәселе және басқа маңызды мәселелер де үзілді-кесілді шешілмеген.

Бірлескен мазмұндамадан түсінікті болып отырғанындай, Вашингтондағы келіссөздердің нәтижесінде Жапонияның «азіргі уақытта басынан кешіріп отырған саяси, экономикалық және финансы қыйыншылықтарын жоюдың нақты жолдарын табуға болады деген жапон үкметінің үміттері ақталмаған.

Ассошиэтед Пресс агенттігінің Токиодағы тілшісі былай деп жазады: Жапониядағы оппозиция Эйзенхауэр мен Иосиданың бірлескен мазмұндамасы «құрғақ сөздерден ғана құрылған» деп санап, оған «тура лап қойды», бұл «құрғақ сөздер», оппозицияның айтуынша, Иосиданың Вашингтондағы келіссөздерінің нәтижесінде Жапонияның «азіргі уақытта басынан кешіріп отырған саяси, экономикалық және финансы қыйыншылықтарын жоюдың нақты жолдарын табуға болады деген жапон үкметінің үміттері ақталмаған.

ғана көрсетеді.

—Халықтардың Совет Одағына сенімінің артуы, — деп атап көрсетті Италия коммунистік партиясы бас секретарының орынбасары Луиджи Лонго Генуяда болған митингте сөйлеген сөзінде, — Совет үкметі тынбастан жүргізіп отырған бейбітшілік жолындағы күрестен және барлық халықаралық тадасты бейбітшілікпен шешуге бағытталып, үнемі және қажырлылықпен жұмсалған күш-жігерден өте айқын көрініп отырған бейбітшілікпен қатар өмір сүру және халықаралық ынтымақтасу саясатынан туып отыр.

АҚШ КОНГРЕСІНІҢ

САЙЛАУЫНАН KEЙІН

Екінші ноябрьде болған АҚШ конгресінің сайлауы американ билеуші топтарының жалпыға бірдей бейбітшілікті баияды ету мүдделеріне кайшы келетін агрессиалық саясатын халық бұқарасының қолдамай отырғанын көрсетті. Үкметтегі республикашылар партиясының сайлауда жеңіліске ұшырауы бұл елде жүргізіліп отырған соғыс әзірліктері және демократияның қарапайым принциптерін бұзу саясатына американ халқының наразы екендігінің тікелей нәтижесі болды. Мұны тіпті АҚШ-тың кейбір буржуазиялық газеттері де атап көрсетуде. Мысалы, Вашингтондағы «Стар» газеті 1954 жылғы конгресс сайлауының нәтижелері «ұлт көлеміндегі саяси наразылықтың» айғағы болды деген қорытындыға келген.

Американ халқы көпшілігінің билеуші топтардың саясатын мақұлдамайтынын жөңгеу атап көрсетуі бұл топтар өкілдерінің сайлаудан кейінгі сөздеріне белгілі ықпалын тигізбей қоймады, ал оның бер-жағында 1956 жылы президент сайлауы өткізілетіндігі және АҚШ-та бұл сайлауға кәзірдің өзінде астыртын әзірлік жасалып жатқанын жұртқа мәлім. Конгресстің ноябрьдегі сайлауы және оның нәтижелері, американдық «Юнайтед Стейтс Ньюс энд Уорлд рипорт» журналының

жоспарларды қамқандайтын тастауға француз ұлтының бірауызды наразылығы нәтижесінде қол жетті. Бірақ Париждағы және Вашингтондағы билеуші топтар «европалық қорғаныс бірлестігінің» өздері үшін қайғылы болып жүйреген сабақтарын еске алып, кәзір олар француз халқы өз күштерін қайтадан жұмылдырғанға дейін Лондон мен Париж қарарларын Францияның Ұлттық жыйналысынан өткізуге асығуда.

Бірақ француз жұртшылығы Вашингтонның герман мәселесіндегі бағыты — Батыс Германияда көкпіл күштерді қайта тудырандық, демек, жаңа соғыс қатерін төндіргендік болатынын барған сайын айқын түсінуде. Батыс Германияны қаруландыруға және Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге қарсы наразылық қозғалысы бүкіл Францияда өрістей түсуде; бұл келісімдерге қарсы наразылық петицияларына тоғызыншы ноябрьге дейінгі уақыттың өзінде миллионға жуық француздар мен француз әйелдері қол қойды. Көрнекті француз қайраткерлерінің барған сайын көп бөлегі Лондон мен Париж келісімдерін Ұлттық жыйналыс талқылағанға дейін төрт державаның герман мәселесі жөнінде келіссөздер жүргізу қажет екенін жақтайтын пікірлер айтуда. Ұлттық жыйналыстың вице-президенті Гастон Палевский, осындай келіссөздер жүргізуді талап ете келіп, былай деп мәлімдеді: «Өзірше көш болмай тұрғанда, теңдестік пен бейбітшілік жағдайында келіссөздер жүргізу мүмкіндіктерін қарамағымыздағы барлық жолдармен сақтау қажет». «Монд» газеті былай деп жазған: «Төрт державаның келіссөздерді (Батыс Германияны қаруландыру туралы — П. Р.) бекіткенге дейінгі жерде ғана шақыруға болады».

Француз халқы Лондон мен Париж келісімдерін жақтаушыларға: «Жоқ!» деген сөзін барған сайын батыл айтуда.

П. РЫСАКОВ.

ҚХР-дегі АЛҒАШҚЫ АВТОМОБИЛЬ ЗАВОДЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ПЕКИН, 15 ноябрь. (СОТА). Қытайдағы алғашқы автомобиль заводының құрылысындағы жұмыс қызу қарқынмен жүргізілуде. «Женьминьжибао» газеті бүгін үстіміздегі жылдың құрылыс жоспары 14 ноябрьде мерзімінен бұрын орындалды, деп хабарлады. Кәзіргі уақытта құрылысшылар 1955 жылға белгіленген жоспар бойынша жұмыс істеуде.

1954 жылы орындалған жұмыстың

көлемі автомобиль заводының барлық құрылысының 46,5 процентіндей болады. Бұл 1953 жылы орындалған жұмыс көлемінен алты есеге жуық асып түседі.

Құрылыстың жылдық жоспарының мерзімінен бұрын орындалуына, делінген газетте, құрылысшы жұмысшылардың патриоттық зор өрлеуі, сол сыяқты, совет мамандарының көмегі жағдай тұғызда.

ИНДИЯ-СОВЕТ МӘДЕНИЕТ ҚОҒАМЫНЫҢ БҮКІЛИНДИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ АЛДЫНДА

ДЕЛИ, 15 ноябрь. (СОТА). «Юнайтед Пресс оф Индия» агенттігінің хабарлауына қарағанда, 26 ноябрьден 28 ноябрьге дейін Делиде өткізілетін Индия-Совет мәдениет қоғамы екінші ұлттық конференциясына әзірлікпен байланысты Индия астанасында Дели қоғамы бөлімшесінің пред-

седателі Рамашваре Неру ханымының басшылығымен дайындық комитеті құрылған. Конференцияның күн тәртібіне ғылым, әдеби, саяси экономикалық және басқа да тақырыптарға Индия-Совет қатыластары мәселелері жөнінде сөз сөйлеу кіргізілген.

сында ұлы державалардың атом қуатын бұлдіру мақсаттарына пайдалану мүмкіндігін жою үшін толық келісе отырып жұмыс істеуге тиіс екенін атап көрсетті. Құрылыс орнату сүйсінерлік іс, деді ол, бірақ біздің бүгінгі күні орнатқанымыз ертеңгі күні қыратылмайды деп сенетін болуымыз керек.

Саяси комитеттің кеше күндізгі мәжілісінде Совет делегациясының басшысы А. Я. Вышинский Совет Одағының талқыланып отырған мәселе жөніндегі позициясын толық баяндап берді, оның сөзі зор ықпалмен тыңдалды.

Саяси комитеттің келесі мәжілісі 15 ноябрьде болады.

НЬЮ-ЙОРК, 13 ноябрь. (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Кеше Саяси комитеттің күндізгі мәжілісінде совет делегациясының басшысы А. Я. Вышинский атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануды дамыту ісіндегі халықаралық ынтымақ туралы мәселе жөнінде сөз сөйледі.

А. Я. Вышинский сөзінің бас кезінде орыс және совет ғалымдарының ядролық физиканы және онымен байланысты ғылым салаларын дамытудағы роліне, сонымен қатар Совет Одағында атом қуаты мен реактивтік заттардың өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, биология мен денсаулық сақтау ісінде қолданылып отырғанына тоқталды. Совет Одағында атом қуатымен жұмыс істейтін тұңғыш электр станциясының пайдалануға берілуі, деді ол, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану ісінде алға басқан аса маңызды қадам болды. Пайдалы қуаты бес мың киловаттық, дүние жүзіндегі тұңғыш атом электр станциясы 1954 жылғы 27 июньде іске қосылып, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін электр тоғын берді. Кәзіргі уақытта СССР-да атом қуатымен жұмыс істейтін қуаты —50—100 мың киловаттық өнеркәсіп электрстанциялары жасау жөнінде жұмыстар жүргізілуде.

Совет мемлекеті, атом қуатын кеңінен өндірудің нақты мүмкіндіктеріне ие бола отырып, қуаттың бұл жаңа түрінің тек халықтың игілігіне, бейбіт мақсаттар үшін ғана пайдалануына терең мүдделі болып отыр, өйткені атом қуатын осындай мақсатқа пайдалану біздің еліміздің алдында, сондай-ақ атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдаланудың көлемді жоспарларын жүзеге асыруға әзір отырған барлық бейбітшіл елдердің алдында да, өнді-

жарлықтар бермеген күнде, мұндай баяндалмаған мен ұсыныстар жариялануға тиіс болады деп көзделген еді. Бұл қарарда былай делінген: «Комиссия бұл мәселелер жөнінде Хауіспейдік Советінің алдында өз жұмысынан есеп беріп тұрады».

Сонымен жоғарыда көрсетілген қарар 1946 жылы құрылған комиссия сыяқты міндеттер жүктелген комиссияның және атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөнінде жобаланып отырған халықаралық органның арасында болуға тиісті байланыс жайында мүлде айқын айттып отыр.

Вышинский атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы мәселемен қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе арасында тығыз байланыс бар екенін атап көрсетті. Ол мұндай байланыстың бар екенін бір-қатар делегаттардың Саяси комитетте осы мәселе жөнінде сөйлеген сөздерінде мойындалғанын көрсетті.

Совет делегациясының басшысы Бас Ассамблеяның бұдан бұрынғы сессияларында да бұл екі мәселенің тығыз байланысты қаралғанын еске салды. Бас Ассамблеяның 1946 жылғы январьда болған бірінші сессиясының өзінде-ақ, деп ескертті ол, бірауыздан қарар қабылданып, бұл қарар Арнаулы комиссияға атом қуатын тек бейбіт мақсаттарға ғана пайдалануға қажетті көлемде атом қуатына бақылау қою жөнінде ұсыныс әзірлеуге, сонымен қатар атом қаруын ұлттық қару-жарақтардан алып тастау жайында ұсыныс әзірлеу тапсырған болатын.

Атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдаланудың атом қаруын жыйнақтау мүмкіндігін шектейтіндігі былай тұрсын, қайта белгілі жағдайда тіпті мұндай жыйнақтауға қолқабыс ете алатынын көрсете келіп, совет делегациясының басшысы былай деп мәлімдеді: міне сондықтан да Совет Үкметі атом және сутегі қаруына сөзсіз тыйым салу немесе, бұл бағыттағы маңызды қадам ретінде, бұл қаруды қолданудан үзіліс-кесілді бастарту сыяқты шаралар жүргізудің қажет екенін талап етіп келеді.

Атом қаруын мемлекеттердің қару-жарағынан алып тастап оған толық тыйым салу жолындағы маңызды қадам ретінде, мемлекеттердің атом қаруын қолданудан үзіліс-кесілді бастартуы туралы келісімге жетудің Совет Үкметі ұсынып отырған конвенцияда көзделген барлық шаға-

сатқа пайдалану жоспары жөніндегі халықаралық ынтымақты ықпалдау жағына қарай елеулі кері шегінгендік жасалып отырғанына Саяси комитеттің назарын аударды. Мұндай кері шегіну «дүниежүзілік атом заңастарының асқан зор бұлдіру күшін азайту» жоспары жөнінде жасалып отыр, ал бұл жоспар туралы АҚШ президентінің мәлімдемесінде айтылған болатын, бірақ кәзіргі американ ұсыныстарында және «жеті елдің» қарарында бұл жоспар туралы ештеңе де айтылмай отыр. Бұрынғы ұсыныстарда көзделген, бірақ кәзіргі ұсынылып отырған қарарда көрсетілмеген нашар өркендеген елдерге техникалық-экономикалық көмек көрсету жөнінде де осындай кері шегінгендік жасалуда.

Совет Одағы, деп мәлімдеді Вышинский қорытындысында, атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақ принципін қолдайды. Осы мақсатпен мұндай ынтымақ жасауды Совет Одағы әрқашан да талап етіп келді, кәзірде де талап етіп отыр.

Ал «жеті елдің» қарар жобасына келетін болсақ, СССР делегациясы бұл қарарда бірқатар елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетуге тиіс; бұл елеулі кемшіліктер халықаралық органға қатысушылар санына және халықаралық конференцияға қатысушылар санына шек қойда, халықаралық органды БҰҰ органы ретінде емес, қайта арнаулы мекеме дәрежесінде құруда болып отыр. Бұл кемшіліктер атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақты дамыту ісін қиындатады. Совет делегациясы сонымен қатар бұл саладағы халықаралық ынтымақпен байланысты бірқатар мәселелердің мүдделі мемлекеттер арасында онан әрі келіссөздер жүргізудің барысында қосымша қарауды керек етіп отырғанын еске алды. Біздің делегациямыз бұл мәселеге «жеті елдің» қарар жобасында айтылған нақты ұсыныстарды талқылаған кезде қайта оралуды көздеп отыр.

А. Я. Вышинскийдің сөзі зор ықпалмен тыңдалды. Баспасөз өкілдері мен қонақтарға арналған орындарға адамдар сыймай кетті.

АҚШ өкілі Лодж қысқаша ескертпелер жасады, бұл ескертпелер ұлы державалардың бірауыздылық принципіне жаңа шабуылдар жасаумен ғана тынды.

«Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің Вашингтондағы тілшісінің айтуынша, Иосифаның келіссөздеріндегі негізгі мәселе жөнінде —американ ауылшаруашылық өнімдерінің артылып қалғанын сатудан түсетін пайданы пайдалану туралы мәселе жөнінде, —«түпкілікті келісімге әлі қол жетпеген».

ЧАНКАЙШИЛІК СОҒЫС КЕМЕСІН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ АРМИЯСЫ БӨЛІМШЕСІ СУҒА БАТЫРДЫ

ПЕКИН, 14 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарлауы бойынша, Қытай Халық-азаттық армиясының теңіз бөлімшесі Чжеңзянь провинциясының жағалауында 1430 тонна су көлемі және 3-дәйімді 3 зеңбірегі бар чанкайшилік «Тайшань» соғыс кемесін суға батырған. Бұл кемені чанкайшиліктерге 1946 жылы Америка Құрама Штаттары берген болатын. Ол оқтың астына алынған кезде Дачень мен Юшань аралдарының арасындағы Тайчжоувань шығанағында қарақшылық әрекет жасап жүр еді.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

УДАРНИК» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»

Сеанстар 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ЕКІ БИҒТІК ЖЕР»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «Комедианттар» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады.

Фильмді 1953 жылы, Праганың «Чехословакия мемлекеттік фильм» студиясы жасап шығарған.

«Деревообделочник» артель тақтай тілу үшін ағаштар қабылдайды. Сол сыяқты артель дражка және штакетник сатады.

Артель басқармасы.

Петропавл қаласы, Пролетар көшесі, 11-үйде тұрушы Владимир Федорович Мешалкин Оңтүстік Сахалин облысы, Углегорск ауданы, Шахтер қаласы, Речная көшесі, 23-үйде тұрушы Роза Андреевна Ткачевадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Оңтүстік Сахалин облысы, Углегорск ауданындағы халық сотында қаралады.

Иранда оппозиция қайраткерлерін жазалау

ТЕГЕРАН, 15 ноябрь. (СОТА). «Дат» газеті былай деп хабарлайды: 13 ноябрьде Иранның істі екінші рет қарайтын соғыс соты офицерлердің жетінші тобының ісі бойынша үкім шығарған. Офицерлердің екеуіне сегіз жыл, қалғандарына 10

жылдан түрмеге отырғызу жазасы кесілген.

ТЕГЕРАН, 15 ноябрь. (СОТА). «Атешбаре шарк» газеті Германияның соғыс өкіметі «Иранның еңбекшілер партиясының» лидері Бағанды тұтқынға алды, деп хабарлайды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе —1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.